



АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПТІ ҮРДІС қайда бет алады?

2



БАЛАҒЫЗҒА МЕКТЕП ФОРМАСЫН АЛДЫҒЫЗ БА?

9



КЕНЕСАРЫ ХАН: жаңа деректер

22

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №92 (6385) 3 тамыз, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МҰНАЙ БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ Тығырықтан шығар жол табыла ма?



2023 жылдың жазы қазақ халқына ауыр тиді. Тарихтағы ең аптап шілде қазақтың біраз үмітін күйдіріп жіберді. Техногенді апаттар көп болды, біз өртендік, біз шөлдедік. Оның үстіне, көбімізге білдіртпей, мұнайдың арзандауынан экспорттық түсімдеріміз азая бастады. Нәтижесінде сыртқы төлем балансында 2,7 миллиард доллар дефицитке тап болдық.

4

«АҚЖАРҒА» АУЫЗСУ ЖЕТТІ

4 мыңға жуық үй кезең-кезеңімен қосылатын болады



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Ақжар» ықшамауданының 22 мыңнан астам тұрғыны жаңа су құбырынан ауызсу тұтынатын болады.

Сүйінші хабарды Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева ресми мәлімдеді. Наурыз айында басталған су құбыры мен сорғы стансасының құрылысы аяқталып, тұрғындардың пайдалануына берілгені тұр. Стансаның құрылыс алаңына тілшілер тобын бастап барған аудан әкімі құбырдың іске қосылу процесін өзі бақылады. Жаңа сорғы стансасы мен құбырды іске қосу жұмысы басталып кетті. «Ақжардағы» 4 мыңға жуық үй кезең-кезеңімен жаңа ауызсу құбырына қосылатын болады.

5

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

3.08.2023

Түнде:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+35+37 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

4.08.2023

Түнде:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+35+37 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПТІ ҮРДІС

қайда бет алады?

Соңғы он жылда Азияда, соның ішінде Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азия елдерінде қарулы күштерін жаппай кеңейту үрдісі бар. Көптен бері сарапшылар Азиядағы қару-жарақ бәсекесінің ықтимал қатеріне қатысты алаңдаушылық білдіріп келеді. Олар бұл бәсеке қыза келе, бақылаудан шығып кете ме деп алаңдайды. Тура мәнінде, бұны ықтимал қақтығыс қатері ретінде болжайтын сарапшылар да бар. Аталған аймақтағы үрдісте өткен ғасырдағы «Қырғиқабақ соғысының» кейбір белгілері бар.

Айталық, Қытайдың қарқынды кеңейген әскери қуатына қарсы Үндістан және өзге елдердің қайтарма жауаптары. Үнді-Тынық мұхит аймағына тән бұл жағдайға АҚШ пен Қытай арасындағы бәсеке түпкі себеп болғанын көреміз. Бұл үрдіс дами келе, ұлы құрлық кіндігіндегі біздің аймаққа да өз әсерін беруі мүмкін. Өне, сондықтан да аталмыш жағдайға ұдайы назар аударуға тура келеді.

ҚЫТАЙ ФАКТОРЫ

Қытай алып Үнді-Тынық мұхит аймағында талассыз әскери көшбасшы. Оның соңғы екі жылдағы қорғаныс шығындарына бөлген бюджеті қарқынды өсімге ие (2021 жылы 214 млрд АҚШ долларын құраса, 2022 жылы 242 млрд долларға дейін жетті). Оның қорғаныс күшіне Үндістан, Жапония, Австралия секілді балама күштер тек Құрама Штаттар арқылы теңгерімділік сақтауға тырысады. Алайда, аймақтағы шағын елдердің өзінде қазір әскери қуатты арттыру тенденциясы қарқынды. Бұның өзін сарапшылар Қытай факторымен қарастыруға бейім.

Қытайдың жалпы әскери қуатынан бөлек, ядролық арсеналын арттырудағы белсенділігі



де аймақ елдерін, АҚШ секілді державаларды да алаңдатады. Қазір бұл елде 400-ден астам ядролық оқтұмсық бар, ал оны жыл сайын көбейтуде. Болжамға сенсек, Бейжің өз ядролық арсеналдарын осы қарқынмен кеңейте берсе, 12 жылда Құрама Штаттармен теңеседі. Яғни 1500 ядролық қаруға ие болады (АҚШ-та қазір 1770 дана ядролық оқтұмсық бар делінеді, Қытай аталған шамаға жетсе, стратегиялық тұрғыда теңескен саналады).

Қытайдың қарқынды кеңейіп бара жатқан ядролық қуаты Үндістан секілді елдерге үлкен қиындықтар алып келуде. Жаңа Делидің әу баста ядролық қаруға ие болуға деген құлшынысын оятқан да Қытай болатын. Үндістан өзінің ядролық қаруға ие болу қажеттілігіне басты себеп ретінде Қытайды атаған. Қазір Үндістан да өзінің ядролық қуатын кеңейтуге үміткер, дәлірек айтсақ мәжбүр болып отыр. Тікелей, ядролық оқтұмсықтарын көбейтпесе де 200 немесе одан да көп атом бомбасын жасауға қажетті плутонийін шығаруға дайындық жасап отыр. Бұған қоса, Үндістан алыс аралықты зымырандарын барынша дамытты. Мысалы, қазірдің өзінде Agni-V секілді үнділік зымы-

рандар Қытайдың кез келген нүктесіне дәл соққы жасай алады.

Өткенді және қазіргі жағдайды қарастырсақ, Азиядағы жаппай қарулану бәсекесінде Қытай факторы толқынды эффект жасағанын көреміз. Былайша айтқанда, Қытайдың ядролық қуатқа ие болуы Үндістанға, Үндістанның ядролық қару жасауы Пәкістанға қозғаушы болған. Дәл сол секілді, қазіргі жаппай қарулану да осыған ұқсас әсер беруде.

ӘСКЕРИ БӘСЕКЕНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Егер, Азиядағы аталған үрдіске масштабты түрде көз жүгіртсек, әскери бәсекелестік бірнеше бағытта өрбіп жатқанын көреміз. Оның біріншісі – манағы айтып өткен ядролық қару бәсекесі. Ал ядролық қаруға ие емес елдер үшін өзге бағыттарда қарқынды бәсеке бар. Атап айтсақ мыналар: Кибер-соғыс техникасын дамыту (Солтүстік Корея кибер-соғыс мүмкіндігін де жоғарылатып келеді, Жапония, Оңтүстік Корея да оған қарсы әрекет етуде); Зымыран түрлерін жетілдіру (орта-шағын елдерге тиесілі бағыт); Баллистикалық зымырандарын дамыту; Әскери-әуе және теңіз күштерін жетілдіру;

Ядролық қару жарысындағы ең қауіпті сценарий – жаңа ядролық елдердің пайда болуы. Шамалауымызша, қазір сондай ықтималдық бар. Айталық, Солтүстік Кореяның ядролық қаруға ие болуы және баллистикалық зымырандарын қарқынды дамытуы Оңтүстік Кореяны бұл бағыттағы шектеуін қайта қарастыруға итермелеп отыр. Өткен айда Оңтүстік Корея тарабынан «ядролық қаруға ие бола аламыз» деген сыңайлы мәлімдеменің жасалуы осыны білдіргендей. Үрдіс онымен тоқтап қалмайтыны белгілі. Оңтүстік Корея шындап ядролық қаруға ие болса, онда бұл Жапонияға да жол ашады дегенді білдіреді. Ал бұдан бөлек, Азияда Иран, Сауд Арабиясы секілді жаңа үміткерлер жетерлік.

Азиядағы қару-жарақ бәсекесі зымыран саласынан анық байқалады. Ең қызығы, бұл бәсекеде Филиппин, Индонезия, Малайзия, Вьетнам, Тайланд, Мьянма, Сингапур секілді шағын елдер белсенді. Осы елдердің бәрінде дерлік әскери теңіз күштерінің мүмкіндігін арттыруға деген ынта жоғары. Судан әуеге, әуеден суға, құрлықтан суға атылатын зымыран түрлерін жетілдіруге де белсенді.

ҮРДІСТІҢ ЕКІ ҚЫРЫ

Азиядағы қару-жарақ бәсекесі қайда бастайды дегенде шетелдік сарапшылар түрлі болжамдар жасайды. Бірқатары бұл үрдіс тікелей қақтығысқа жетелейді, себебі, қару-жараққа ие болу деңгейі әртүрлі болғандықтан оларға ортақ шектеу қою қиын деп санайды. Енді біреулері қару-жарақ жарысы «Қырғиқабақ соғысы» кезіндегідей эффект беруі мүмкін деген болжам айтады. Мысалы, қуатты қырып-жойғыш қаруға ие болған екі алып держава ақыры тікелей қақтығысуға батпай, дипломатиялық шарпысумен шектелгеніндей.

Бірақ біз адамзат тарихынан бұдан да жаман мысалдарды таба аламыз. Көп жағдайда қару-жарақпен жарысудың соңы қақтығысқа барып тірелген. Бірінші жаһан соғысы алдында ағылшын мен неміс ортасындағы теңізге үстемдік бәсекесі ақыры шынайы соғысқа қару-жарақ дайындады. Сондықтан қауіпті үрдіске қатысты сергек бақылау жүргізуге тура келеді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

ГРУЗИЯ ЕУРОПАҒА ЖЕТЕ АЛМАЙ ЖҮР

Оған М.Саакашвили мен Б.Иванишвили арасындағы бәсеке себеп болып отыр

Михаил Саакашвили биліктен кеткеннен кейін Грузияда Парламенттің саяси ықпалы күшейді. Кезең-кезеңімен президенттің билігі төмендеп, мемлекет толық парламенттік республикаға айналды. Дегенмен, соңғы жылдары президент пен парламент арасында кикілжің белгілері білінуде. Оған бір жағы Саакашвилидің елге оралуы әсер етсе, екінші жағынан Брюссель ықпал етуде. Жақын болашақта саяси дағдарыс күтілмесе де, елдің тар жол, тайғақ кешуіне тура келеді.

СААКАШВИЛИ САЯСИ ҚАТЕЛІК ЖАСАДЫ

Михаил Саакашвили 2004–2013 жылдары Грузияның президенті болған. Ол 2003 жылы жаппай наразылықтан кейін билікке келді. Сол кездегі наразылықтың басты себебі парламент сайлауындағы сайлау туралы заңның бұзылуы еді.

Парламенттегі басым орынға таласқа басты екі саяси партия түсті. Бірі экс-президент Э.Шеварднадзе бастаған «Жаңа Грузия үшін» және А.Абашидзенің «Грузияның демократиялық түлеуі» партиялары болса, оған қарсы М.Саакашвилидің «Бірлескен халық қозғалысы» мен Н.Бурджанадзе, З.Жвания басқарған «Бурджа-



надзе демократтары» бәсекеге түсті. Саяси бәйгеде президенттің саяси бірлестігі жеңіске жетті. Алайда, бұған Саакашвили келіспей, елде кең көлемде наразылықтар болып өтті. Қоғамдағы наразылық күшейіп, Шеварднадзенің биліктен кетуіне тура келді.

2004 жылы Саакашвили басқарған саяси бірлестік ірі күшке айналып, бірлескен «Біртұтас ұлттық қозғалыс» партиясы құрылды. Сол жылы 4 қаңтарда жаңа президент сайлауы өтіп, қозғалыстың лидері Саакашвили айқын басымдықпен жеңіске жетті. Алайда, ішкі және сыртқы саяси дағдарыстан кейін 2008 жылы мерзімінен бұрын сайлау өтеді. 5 қаңтарда өткен сайлауда ол 53%-дан астам дауыспен жеңіске жетті. Мұндай төмен нәтиже көрсетуіне оның саяси ықпалының төмендеуі себеп болды. Ал оның саяси ықпалына олигарх Бидзина Иванишвили құрған «Грузия арманы» партиясымен текіресі әсер етті.

Әйтсе де, Саакашвилидің ре-

форматор екені сөзсіз. Ол билікке келгесін елде күрделі құрылымдық реформаларды жүзеге асырды. Олардың ішінде жемқорлықпен күресті ерекше атап өткен жөн. Өткен жылғы Transparency International үкіметтік емес ұйымының жемқорлыққа деңгейі бойынша рейтингте Грузия 180 елдің ішінде 41 орынды иеленген. Бұл көрсеткіш посткеңестік кеңістіктегі ең жақсы нәтиже. Десе де, халықаралық ұйым соңғы 10 жылда бұл салада айтарлықтай өзгеріс жоқ деген қорытындыға келген. Оған басты себеп елдегі клептократиялық тенденцияның күшеюі дейді сарапшылар. Грузиядағы олигополияның ықпалы туралы ЕО та айтып келеді.

БИДЗИНА ИВАНИШВИЛИ – ГРУЗИЯНЫҢ СҮР КАРДИНАЛЫ

2011 жылы олигарх Б.Иванишвили «Грузия арманы» атты саяси қозғалысты құрды. Жаңадан құрылған қозғалыс 2012 жылы өтетін

парламент сайлауына қатысуды өз алдына мақсат етті. Алайда, сол жылы Михаил Саакашвили қозғалыс жетекшісін азаматтықтан айыру туралы үкімге қол қойды. Оған оның 2010 жылы Франция азаматтығын алуы желеу болды. Азаматтықтан айырылғаннан кейін қозғалысқа Манана Кобахидзе басшылыққа келді.

Ал 2012 жылы 7 мамырда қозғалыс «Грузия арманы – Демократиялық Грузия» ретінде саяси партияға айналды. 1 қазанда өткен парламент сайлауында 150 орынның 85 мандатын жеңіп алды. Қалған орындарды Саакашвилидің партиясы иеленді. Осылайша мемлекетте қос билік қалыптасты.

Дегенмен, біртіндеп Саакашвилидің саяси беделі түсе бастады. Ол 2013 жылғы президент сайлауына түсуден бас тартты. Бұл сайлауда билеуші партия мүшесі Георгий Маргвелашвили жеңіске жетті. 2016 жылғы парламент сайлауынан кейін «Грузия арманы – Демократиялық Грузия» партиясы билеуші партияға айналды.

БРЮССЕЛЬДІҢ КӨЗДЕГЕНІ БІР ОҚПЕН ЕКІ ҚОЯН АТУ

Өткен жылы Украина, Молдова мен Грузия бірінен соң бірі ЕО-қа мүше болуға ниет білдірген еді. Алайда, Грузияның жолы ашылмай қойды. Брюссель өзге екі мемлекетті ресми түрде одаққа мүше болуға үміткер ретінде мойындаса, Грузияға қатысты екі ойлы болып отыр. Оны одаққа қосуға мүдделі болғанымен, мемлекеттегі клептократиямен бірлескен автократиялық тенденциялар және соған сәйкес Мәскеудің ықпалының күшеюі бұл мәселе бойынша кідіре тұруға мәжбүр етуде.

Брюссель Грузияның одаққа мүше болайық деген өтінішіне 12 талап қойған. Грузия тарабы бұл талаптардың ішінде әсіресе «деолигархизацияға» қарсылық көрсетуде. Себебі, билеуші партияның бенефициары Б.Иванишвили. Оның бизнесінің басым бөлігі Ресейде екенін ескерсек, Брюссель бір жағынан демократиялық институттарды дамытуды көзделсе, екінші жағынан Мәскеудің ықпалын төмендетуге әрекеті байқалады.

Билік сондай-ақ, медиа еркіндігін қамтамасыз ету мәселесіне де тосқауыл қойып отыр. Мұны биыл билеуші партия ұсынған шетел агенттері туралы заң көрсетті. Бұл заңға оппозиция мен үкіметтік емес ұйымдар қарсылық көрсетіп, түрлі наразылық акциялары өтті. Бұдан кейін билік заңды қабылдай алмады.

2021 жылы М.Саакашвилидің елге қайта оралып, оның тұтқындалуы онысыз да күрделі жағдайда отқа май құйғандай болды. Оның бұл әрекетін саяси қателік деп бағалауға болады. Себебі, одан кейін парламенттің ықпалы одан сайын күшейіп, президент билігі төмендейтін заңдар қабылданып, жоғарыда аталған шетелдік агент туралы заң жобасы дайындалды. Сондықтан бұл шешімімен Саакашвили елдің Еуропалық интеграция процесін аз болса да шегерді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАҢА ҚОҒАМДА МҮМКІНДІК МОЛ

Елде жаңа бастамалар мен тың өзгерістер көп. Соның ішінде жас ғалымдардың жаңаша ой-пікірі де маңызды. Біз тарих ғылымының PhD докторы Олжас ҚУАНБАЙДЫ әңгімеге тартқан едік.

«ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ – БІРТҮТАС ОЙЫНШЫЛАР КОМАНДАСЫ»...

– Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстан бастамасына қандай үлес қоса аламыз?

– Менің ойымша, күнделікті жұмысқа барып-келіп жүрген кез келген қарапайым ҚР азаматы өз ісін өте сапалы, ар-ұятының алдында адал атқаруы керек деп ойлаймын. Барлығымыз мемлекет атты үлкен механизмнің бөлшектеріміз. Әрқайсымыздың сол механизмнің дұрыс жұмыс істеп тұруында белгілі бір деңгейде маңызды рөлдеріміз бар. Егер әр азамат сол жауапкершілікті сезінер болса, Әділетті Қазақстан бастамасына айтарлықтай үлес қосып, еліміздің өркендеуіне септігімізді тигізген болар едік. Мысалы, Жапонияның кез келген еңбек ұжымы, қай қызмет саласында болса да, мейлі ол мемлекеттік мекемелер болсын, мейлі жеке фирмалар болсын, «берік, біртұтас ұжым» ретінде қызмет етеді. Бұл жапон ұлтының дамуының басты «төтігі» болып табылады. Соғыстан кейінгі Жапонияда билік бұқара санасына «Еңбек ұжымы дегеніміз – үлкен ұлттық міндетті атқаратын әркімнің өзіндік функциясы бар біртұтас ойыншылар командасы» деген идеяны сәтті енгізе білді.

– Ғылымға көңіл бөлініп келеді. Әлі де ескерілмей тұрған қандай тұстары бар?

– Әрине, ғылымға соңғы уақытта кешенді түрде көңіл бөлініп келеді. Президентіміз Қ.К.Тоқаев жыл сайын мүмкіндігінше қаражат көлемін арттырып жатыр. Мысалы, 2017 жылы ғылымға аударылған қаражат мөлшері 0,14%-ды ғана құрады. 2025 жылға дейін біздің ішкі өнімнің 1%-ын ғылымға аударса жаман болмас еді. Ал енді дамыған елдерде бұл көрсеткіш 4% немесе 5%-ға дейін барады.

Ғылымдағы жастарды қолдау да ақырындап қолға алынуда. Жас ғалымдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары да жазылуда. Мысалы, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 2020–2023 жылдары тек жас ғалымдарға арналған: «Соғыстан кейінгі онжылдықтағы Қазақстан шаруалары: әлеуметтік қайта құру және күнделікті өмір», «XVIII–XIX ғ.ғ. бірінші жартысындағы қазақ хандарының, сұлтандарының және батырларының өмірі мен қызметі» (Ресей архивтерінің деректері негізінде), «Алтынордалық Ақтөбе Лаэти қалашығын қалпына келтіру: деректанулық және тарихнамалық аспектілері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларының екеуі жоспарға сай сәтті аяқталып, бір жоба өз жұмысын жалғастыруда. Бағдарлама аясында институт қызметкерлері ҚР және шетел архивтеріне ыссапарларға барып, монографиялар мен құжаттар жинақтарын шығарып, өнімді еңбек етті.

Институтымыздың ғалымдар ұжымы өте нәтижелі еңбек етуде. Мысалы, институтымызда былтырғы жылға дейінгі соңғы бес жылда 130-дан астам кітап шығарылды. Оның ішінде 19 кітап демеушілер мен қамқоршылар есебінен жарық көрді. 2020 жылы «Ш.Ш.Уәлихановтың таңдамалы шығармаларының жинағы» «Cambridge University Press» баспасынан ағылшын тілінде Ұлыбританияда басылып шықты. Әріптестеріммен бірге осы жинақтың құрастырылуы мен Ник Филдингпен байланыс орнатуға тікелей өзім де қатыстым. Мысалы, былтырғы 2022 жылдың өзінде ғана институт Ғылыми кеңесінің рұқсатымен 16 монография, 11 оқулық, 39 құжаттар жинағы, 12 «дөңгелек үстелдер» мен конференциялар жинағы шығарылды. Бұл көптеген ғылыми жетістіктеріміздің бергі жағы ғана десе де болады. Осындай қысқа ғана уақыт аралығында жасалған орасан зор ғылыми еңбектер институт директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор З.Е.Қабылдиновтың ұтқыр басшылығы мен ғылыми ұжымның адал еңбек-қорлығының арқасы деп білеміз.

Ғылымға көңіл бөлініп келе жатқанымен әлі де болса ескерілмей тұрған тұстары да

баршылық. Жастарға қатысты айтар болсақ, олардың да көптеген мәселелері бар.

Біріншіден, ғылыми зерттеу институттарынан (ҒЗИ) диссертация қорғайтын кеңестерді алып қойып, оларды ЖОО-ға берді. Қазіргі таңда бірлесіп дайындаып жатыр. Ғылымның кедергісіз дамуы үшін бұл процесс дұрыс жолға қойылуы керек деп ойлаймын. Негізінде, ғылым ЖОО-да емес, ҒЗИ-ларда жүргізіледі. Себебі, ЖОО профессорлары көп жағдайда университеттегі оқу кестесіне байланып қалады да, сабаққа дайындалумен әуре болады.

Ал ҒЗИ-дің ғалымдары сабақ жүргізу қарбаластығы мен қағазбастылықпен басы қатпайды. Яғни ҒЗИ ғалымдары өздерінің зерттеу тақырыптары аясында архивтерде, кітапханалар мен көрмелерде, ғылыми ыссапарларда жүреді. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары аясында шығарылуы жоспарланған ғылыми монографиялар мен мұрағаттық құжаттар жинағын талқылау мақсатында көптеген конференциялар, семинарлар мен «дөңгелек үстелдерге» қатысып, ізденіс мақалаларын жариялап, таза ғылым әлемінде жүреді.

Сол себепті де, ғылыммен сапалы түрде айналысатын толыққанды уақыты да болады. Сонымен қатар, тығыз ғылыми орта қалыптасып, бір-бірінің еңбектерін бағалап, басы артық ешнәрсеге алаңдамастан, бірлесе талай жұмыс атқаруға мол мүмкіншілігі бола-



«ШЕТЕЛДЕ ОҚУ АРЗАН ӘРІ ТИІМДІРЕК ДЕГЕН СӨЗ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?»

– Бакалавриат, магистратура, PhD докторантура, Баллон процесінің тиімділігі қандай?

– ҚР білім жүйесін Баллон процесіне бағыттауының тиімді де тиімсіз тұстары бар. Мысалы, бұрындары бакалавриаттарды 5 жыл дайындаған болса, қазір 4 жылдық мерзім берген. Оның үстіне, мектеп қабырғасында оқыған бағдарламаларды бакалавриатта қайта қайталаудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Сонымен қатар, министрліктің университеттерге нұсқаулық бере бермегендері де дұрыс болар еді. Мысалы, ЖОО оқу кестелерін өздері жасай алатындай еркіндіктері болса, қағазбастылық та азаяр еді. Шетелде оқып келген докторант ретінде айтарым, елімізде докторлық диссертацияларын алаңсыз жаза алатындай жағдай жасалса деймін. Мысалы, ҚР-да ЖОО ақысы өте қымбат болуы салдарынан мектеп бітірген оқушы да, магистрант та салыстырмалы түрде алыс-жақын шетел университеттерінде оқу ҚР-дан әлдеқайда арзан әрі тиімдірек деген шешім шығарып жатады. Ал шетелде оқыған сту-

денттердің қайтып келіп, азын-аулақ ақшаға ел ертеңі үшін қызмет етуі екіталай...

– Жас ғалымдардың әлеуметтік жағдайы қаншалықты шешілген деп ойлайсыз?

– Үкімет қолдарынан келгенше жас ғалымдардың мәселелерін шешуге тырысып жатыр. Мысалы, ҚР БЖҒМ ҒК қолдауымен 2018–2022 жылдары «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы бойынша институтымыздың 11 қызметкері тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Дегенмен, осы пәтер мәселесі әлі де болса өзекті. Сол себепті, тек ғылыми қызметкерлерге арналған тиімді тұрғын үй бағдарламалары көптеп жүзеге асырылса дейміз. Әлеуметтік саладағы тағы бір жеңілдік, 2018 жылдан бастап институт қызметкерлері қоғамдық көлікте жүру үшін ай сайын тегін жол жүру («Оңай») билеттерімен: 2018 жылы – 7 қызметкер; 2019 жылы – 13 қызметкер; 2020 жылы – 21 қызметкер; 2021 жылы – 15 қызметкер; 2022 жылы – 25 қызметкер қамтамасыз етілді.

2018–2022 жылдары Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 29 дарынды жас ғалымына көрнекті тарихшылар Т.Балақаев пен А.Нүсіпбековтың және т.б. ғалымдардың атаулы стипендиялары тағайындалды, олардың ішінде: 2018 жылы – 2 адам; 2019 жылы – 9 адам; 2020 жылы – 5 адам; 2021 жылы – 4 адам; 2022 жылы – 9 адам стипендия жүлдегері атанды.

– Шетелде білім алу мен тәжірибе алмасуға ғылымдағы жастарды көптеп жіберу керек пе?

– Иә, шетелде білім алу мен тәжірибе алмасуға ғылымдағы жастарды көптеп жіберу – Отандық ғылымның ілгерілеуіне айтарлықтай үлес қосары сөзсіз. Сол үшін мектеп бағдарламасында шет тілдерін сапалы түрде оқытуға мән беру керек. Шет тілдерін жетік білген сайын жас ғалымдардың көкжиегі кеңейіп, ой-өрісі дами түсері сөзсіз. Ағылшын тілі ғана емес, испан, неміс тілдерімен қоса, шығыстың дамыған мемлекеттерінің де тілдерін меңгеру жолға қойылса деймін.

ШЕТЕЛДІК ЖУРНАЛҒА МАҚАЛА ШЫҒАРУ КІМГЕ КЕРЕК?

– «Scopus», «Web of since» сияқты сырт елдің журналдарына гуманитарлық ғылым саласына мақала жариялауды міндеттемеу қажет деген ұсыныстар көтеріліп жүр. Қаншалықты орынды?

– Әрине, гуманитарлық бағытта бұл проблемалар бар. Мысалы, тіл білімі саласында «Scopus», «Web of since» журналдарының гуманитарлық бағыты бойынша қай жерде мақалалар жариялай алады?! Немесе қазақтың фольклористикасын қазақша жазатын мамандар орысша, ағылшынша мақалаларын қандай шетел ғылыми журналдарына баса алады?! Міне, осындай түйіпкілді мәселелер өте көп. Егер де ғалымдардың «Scopus», «Web of since» журналдарында міндетті түрде мақалалары жарық көруі керек десе, үкімет, министрлік, ғылым комитеті ҒЗИ-лердегі ғылыми журналдарға қаражат құйып, сол Отандық журналдарды «Scopus», «Web of since» журналдар базасына енгізіп мақалалар шығаруға болады.

– Дәстүрлі сауал, болашақ кімнің қолында?

– Қазақтың халық жер бетінде бар кезде, жалынды жырыларымен ғасырлар бойы жастарға дем беріп: «Жүрегім мен зарлымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға. Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған, еркімен өзі ақ отқа барады да», – деп жырлаған алып ақын Мағжан ағамыздай ешкім жастарға күш бере алмас, бәлкім. Сол себепті, барлығымыз білетіндей, Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңімен бүгінгі сұхбатты тәмамдасам деймін.

*«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай қушті қанатты,
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!».*

Әділетті Қазақстанды бірге қалыптастырайық. Әрдайым адалдық саптанат құра берсін. Жастар алғыр, білімді һәм білікті болғай!

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



НАРЫҚ

МҰНАЙ БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ

Тығырықтан шығар жол табыла ма?

(Басы 1-бетте)

Қазір Қазақстан бөлмеден далаға ұшып шыға алмай, терезе алдында ызындап тұрған шыбынға ұқсайды. Әлемдік мұхитқа шығар жолы жоқ, қаржы жүйесі Батысқа негізделген, бірақ шекарасы батысқа қарсы екі державаның арасында қысылған, кез келген кризис, эмбарго, санкцияларға гиперсезімтал ел үшін Қара теңіз арқылы әлемдік мұхитқа шығар соқпағы күн санап тарылып барады. Сондықтан Пәкістан, оның Араб теңізінде тұрған Карачи портына қатынау перспективасы Қазақстанды көптен бері ойландырып жүрген. Бірақ ең құрығанда, бізге жақын Пешаварға жетіп алу үшін, Түркіменстан мен Ауғанстанды кесіп өту керек.

ТӘЛІПТІҢ АРТЫН БАҒУ

Қазақстан Талибан қозғалысын ресми мойындай қойған жоқ. Бірақ экспорттық-транзиттік мүдде қысса, онда дүние жүзіне танымал «қазақ дипломатиясы» іске қосылары сөзсіз. Оның классикалық формуласы: «мойындай отырып, мойындамаймыз», «мойындамаймыз, бірақ дей тұра мойындаймыз». Ауғанстанмен дос болмасақ, оңтүстік бағыт арқылы мұхитқа шығамыз деген арманның бәрі бекер.

Иә, бізге Талибанның героинді өкіртіп өндіріп жатқаны ұнамайды. Бірақ сол героиннен түскен долларға біздің астығымызды жоғары бағаға сатып алуға көніп отырғаны ұнайды. Біздің экспортқа шығатын бидайдың 70 пайызын сатып алушы – Ауғанстан. Сондықтан ол біздің ірі клиент.



Бұл ретте министр Жұманғариннің жынына тиетін бір нәрсе бар. Тәліптер соңғы жылдары бізден дайын ұн сатып алуды азайтып, тек бидай алуды көбейткен. Сол арқылы оларда жер-жерде шағын диірмендер желісі дамып келеді. Өзбекстан да тура осылай істеген болатын. Есесіне, 2021-2022 жылдары біздегі бірнеше диірмен жабылуға мәжбүр болды.

ОРЫСТАР КӨРШІДЕН КОНКУРЕНТКЕ АЙНАЛДЫ

Ресейге салынған санкция бізді әу баста күткендей басымыздан емес, бұтымыздан ұрды. Қазақстан сыртқа сататын позиция: бидай, мұнай, феррокорытпа, металл, химиялық тыңайтқыш бойынша енді Ресей біздің клиенттерге жармасып отыр.

Қазақстанның Ауғанстан, Пәкістан, БАӘ сынды шығыстағы дәстүрлі нарықтарына Ресейдің сауда өкілдері келіп, арзан бидай мен тыңайтқыш ұсынуда.

Және кезінде біздің бетімізге қарап отырғандардың көбісі енді Ресеймен достасуға қарсы емес сияқты. Әрине, бұл Nothing personal, it's just business, сондықтан Қазақстан бұл жағдайда логистикамен қатар, бәсекелеспен күресудің амалын қарастыруға мәжбүр болмақ.

Сондықтан тәліптерді Астанаға бизнес-форумға шақырдық. Қазақ-ауған бизнес отырысы бізге өте маңызды. Себебі, ауғандардың жаңа экспорттық контракттерге қол қойғаны керек. Ал стратегиялық тұрғыдан, трансауған логистикалық жобасы: Мазари-Шариф-Кабул-Пешавар темір-

жолы құрылысына араласқымыз келіп-ақ тұр. Пешавардан Карачи портына жету қиын емес. Қазақстан 2014 жылы Түркіменстан арқылы Иранға шығатын теміржолды салып тастаған болатын. Енді Түркіменстаннан Ауғанстанға жету үшін «Атамұрат – Ақина» теміржолын қолдануды ойластыра алады.

СЕРДАР ФАКТОРЫ НЕМЕСЕ СКИДКА БЕРЕТІН ПРЕЗИДЕНТ

Өмір сүру оңай емес. Ауғанстан деп қоямыз. Бірақ ортақ шекара жоқ қой. Бізге Ауғанстанға жету үшін Түркіменстан керек. Сондықтан Сердар Бердімұхамедов (және оның папасы) – қазақ үшін стратегиялық тұлға айналып шыға келді. Қазір Түркіменстан өз аумағы арқылы өтетін өзбек фураларына 30 пайыз жеңілдік беріп отыр. Сұрасақ, бізге де бере алады, тіпті 40 пайызға дейін жұмсаруы мүмкін.

Қазақстан уақытпен жарысуда. Біз болашағымызды қазір айқындап тастағымыз келеді. Ресейге артқан үмітіміз ақталмады. Жаңа ғасырда жаңа жол іздеуге мәжбүрміз. Бірақ терезе алдында ызындаған шыбын ерте ме, кеш пе, далаға ұшып шығады екен.

Айбар ОЛЖАЕВ,
сарапшы.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЕТІСТІГІ

Австралиялық басылым аптасына 3000 жаңалық таратады



News Corp Australia ақпарат агенттігі жасанды интеллект көмегімен аптасына 3000 ақпарат шығарады, деп хабарлады атқарушы директор Майкл Миллер.

Миллер Тайбейдегі Бүкіләлемдік БАҚ конгресінде төрт қызметкерден тұратын топ технологияны апта сайын ауа райы, жанармай бағасы және көлік қозғалысы туралы мыңдаған жергілікті оқиғаларды жасау үшін пайдаланатынын айтты, деп хабарлайды Mediaweek журналы.

Data Local бөлімшесін News Corp-тың деректер журналистикасының редакторы Питер Джадд басқарады және көптеген оқиғалар соның атымен жазылған.

News Corp өкілінің айтуынша, «Пенритте ең арзан жанармайды қайдан табуға болады» деген сияқты әңгімелер AI көмегімен жасалады, бірақ журналистер қадағалайды.

Netflix машиналық оқыту бөлімі басшылығына маман іздейді, жалақы \$900 000
Жасанды интеллект көптеген жұмыс орындарына қауіп төндірсе де, ол бір уақытта жаңа жұмыс орындарын ашып жатыр. Кейбір

әлемдік алпауыт компаниялар өте жоғары жалақы ұсынып отыр.

Шілде айында Netflix өзінің Machine Learning Platform (MLP) платформасында өнім менеджеріне арналған жұмыс тізімін жариялады. Бастапқы жалақы 300 000 доллардан 900 000 долларға дейін. Айтпақшы, Netflix-тің машиналық оқыту бағдарламасының жұмыс орындарына маман іздеуі әлі де жалғасып жатыр.

Өнім менеджерінің негізгі қызметі Netflix бизнесінің барлық аспектілерінде AI пайдалануды, соның ішінде мазмұнды алуды және пайдаланушы ұсыныстарын жекелендіруді қамтиды.

Сонымен қатар, Netflix AI/ML технологиясына назар аударатын Game Studio-да техникалық директорға вакансия ашып отыр. Бастапқы жалақы 650 000 долларды құрайды.

Бұл рөл үш айға созылған жазушылардың ереуілінің тұсына тап келеді, өйткені әртістер

мен орындаушылар жалақыны және ағынды алыптардың қалдықтарын көбейту үшін, сонымен қатар жазушылар бөлмесіндегі AI реттеуін талап етеді.

Microsoft Жапония үкіметіне AI технологиясын жеткізеді

Microsoft ел ішінде орналасқан деректер орталықтарының өңдеу қуатын арттырғаннан кейін жапон үкіметіне жасанды интеллект технологиясын береді, деп хабарлады Nikkei газеті бейсенбіде.

Жапонияның цифрлық агенттігі Microsoft қолдайтын OpenAI стартапы әзірлеген технологияны күзден бастап хаттамаларды дайындау және мемлекеттік статистиканы талдау сияқты тапсырмалар үшін сынақ негізінде жұмыс істете бастайды, деді Nikkei.

Бұл Microsoft корпорациясының өз технологиясын Еуропадан тыс шетелде бірінші рет орналастыру болады, деді Nikkei.

ChatGPT-дің Android нұсқасы жарияланды

OpenAI тамыз айының 1-і күні ChatGPT-дің Android нұсқасын жариялады. Сонымен,

ChatGPT-дің Android нұсқасын енді барлық елде, еш шектеусіз қолдана беруге болады. OpenAI веб-нұсқасымен салыстырғанда Android қолданбасының жақсартылған қауіпсіздік шараларын атап көрсетті. Ол сондай-ақ, iOS нұсқасына ұқсас құрылғыларда сөйлесу тарихын синхрондау сияқты мүмкіндіктерді ұсынады.

Android және iOS қолданбаларын енгізу арқылы OpenAI Microsoft-тың Bing Chat-пен тікелей бәсекелеседі, ол сонымен бірге OpenAI-дің GPT-4 технологиясын пайдаланады. Қолданбалар үлкен тіл үлгілерін (LLM) веб-шолғышқа сүйенбей сынаудың балама құралы болып табылады.

Мейіржан
ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист,
IT маманы.





ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ҚОСАЛҚЫ СТАНСАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Алматыда 200 мыңнан астам тұрғынды үздіксіз электрмен қамтамасыз ететін «Алмагүл» жаңа қосалқы стансасының құрылысы аяқталды.



Алматының Бостандық ауданында Гагарин даңғылы мен Қожабеков көшесінің қиылысында орналасқан «Алмагүл» қосалқы стансасының құрылыс жұмыстары түгелімен бітті. Сондай-ақ, осы қосалқы стансаға 110 ш. электрмен жабдықтаудың 4,8 км кабельдік желісі төселді.

Бұл қосалқы станса Алматының оңтүстік бөлігіндегі тұтынушылар жүктемесін азайтады. Қосалқы стансаға «Алмагүл» ықшамауданындағы әл-Фараби даңғылы – Жароков – Өтепов – Розыбакиев көшелері аумағында салынып жатқан жаңа тұрғын үй кешендері қосылатын болады.

Секцияларда кабельдерді қосу мен тұтыну жүктемелерін аудару бағытындағы жұмыстарды «АЖК» АҚ атқарады.

Қосалқы станса Бостандық ауданында жаппай, ретсіз салынған құрылыстарға қатысты электр қуатының жиі үзілуіне байланысты қажеттіліктен туындады. Бұл мәселені Алматы қаласының әкімімен кездесу кезінде Бостандық ауданының тұрғындары көтерді. Қала әкімі Ерболат Досаев осы қосалқы стансадағы барлық жұмысты шілде айының соңына дейін аяқтауды тапсырған болатын.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

МӘСЛИХАТ

БАЛАБАҚША БОЙ КӨТЕРЕДІ

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиевпен бірлесіп шешімі депутаттардың құзыретіне кіретін ауданның проблемалық объектілерін қоса алғанда, бірқатар мәселені талқылады.



Жұмыс сапары барысында депутаттар мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін сатып алу және «Таугүл» ықшамауданындағы жаңа мектеп пен саябақ аймағын салу жоспарымен танысты. Сонымен қатар, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында абаттандырылған аула аумақтарына барды. Әкімдік өкілдерінің айтуынша, Әуезов ауданында барлығы 966 аула бар, оның 640-ы жөнделген, 210-ы күрделі жөндеуді, ал 212-сі ағымдағы жөндеуді қажет етеді.

Сондай-ақ, депутаттардың назары Саин көшесі мен Райымбек даңғылындағы көпірді жөндеу қажеттігіне аударылды. Бұл көлік нысандары тұрғындар үшін қозғалыс қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Алайда, белсенді пайдалану мен сыртқы факторлардың әсерінен көпір жөндеуді қажет етеді.

Бұдан соң депутаттар қараусыз қалған балабақшаға барды. Атал-

ған учаскені сатып алу, одан кейін балабақша салу жоспарлануда.

«Біз мәселелердің барлығын басымдық ретінде қарастырамыз және осы жобаларды табысты іске асыру үшін мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп жұмыс істейтін боламыз», – деді халық қалаулылары.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары мәдениет саласының өкілдерімен талқылау өткізді. Халық қалаулылары бұған дейін қалалық Мәдениет басқармасындағы бірқатар мекеме-ұйымға барған болатын.

Оның барысында қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі комиссия мүшелері аталған ұйымдар қызметкерлерінің мәселелері мен бастамаларын мұқият тыңдады.

Мәдениет нысандарының тыныс-тіршілігімен танысып, қыз-

БӘРЕКЕЛДІ!



Суретті түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«АҚЖАРҒА» АУЫЗСУ ЖЕТТІ

4 мыңға жуық үй кезең-кезеңімен қосылатын болады

Айнабай
МӘДИ

(Басы 1-бетте)

«Бұнымен біз Наурызбай ауданындағы ауызсуға қатысты мәселенің жартысынан астамын еңсерген боламыз», – деп мәлімдеді стансаның құрылыс алаңында тұрып Назира Тоғызбаева. Қазір аталған ауданда тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүруде. Жыл соңына дейін Қарғалы өзенінде жаңа су сорғысы құрылысы толық аяқталатын болады. Бұл арқылы 150 мыңнан астам аудан тұрғыны су мәселесін шешетін болады. Тура бір жыл бұрын «Ақжар» тұрғындары қала әкімі Ерболат Досаевтың алдында ықшамаудандағы су мәселесін көтерген еді. Қала және аудан әкімдіктері қабылдаған перменді шаралардың барысы бүгін өз нәтижесін көрсеткендей.

«Біз суды жерасты көзінен көтеріп, осында, сүзгіде тазалаймыз, ол су осындағы су қоймасына жиналады. Мұндағы сорғы (насос) стансасынан 1-камераға береміз. Одан әрмен «Ақжардан» сорғысыз

Жандосов көшесіне береміз. Осы кезде тұтастай «Ақжар» аумағын толықтай жабатын боламыз. Осы шаруаларды 90 пайызға бітірдік. 10 пайыз атқарылмаған жұмыс көлемі қалды. Технологиялық тұрғыдан суды беруге мүмкіндігіміз бар. Бір-екі күн болды, «Ақжарға» су жібере бастадық», – деді Алматы қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Малыбаев.

«Ақжар» ықшамауданындағы 4 мың отбасыға жаңа су құбырынан ауызсу берілгелі тұр. Бүгін іске қосылып жатқан жаңа сорғы станса аталған қалалық сектордағы халықтың 65 пайызын тұрақты сумен қамдауға қабілетті. Ал қалған 35 пайыз тұрғын суды жеке жерасты су көздері арқылы пайдалана алады.

«Бұл «Ақжарда» бұрыннан су тапшылығы бар болатын. Тұрғындар ауласындағы бау-бақшасын суарады, қосалқы шаруашылықтарына су жібереді дегендей, су жетпей жатты. Ауызсу мәселесін шешу үшін былтыр Ақсай өзенінде үлкен сүзгі стансасын салу басталды. Биыл жыл соңына дейін бұл станса толығымен іске қосылады. Бұдан өзге, осы күні су тапшылығын

ғын шешу үшін жарты жыл ішінде кең көлемді инженерлік нысан салынды. Қаладан келетін жерасты су қоймасын осы «Ақжармен» байланыстыратын үлкен су құбыр салынды. Одан басқа, қосымша 5 ұңғыма іске қосылды. 2 су қоймасы (резервуар) және сорғы стансасы салынды. 4 мың үй, яки 28 мың тұрғыны бар «Ақжардың» осы оңтүстік бөлігі сумен қамтамасыз етілетін болады», – дейді «Алматы Су» МКҚ бас директоры Ілияс Қазиев.

2014 жылы Алматы облысынан Алматы қаласына қосылып, жаңа аудан ретінде құрылған Наурызбай ауданында ауызсу басты мәселе болып келген-тін. Осыған дейін аудан тұрғындарының тек 30 пайызы ғана орталық сумен қамтамасыз етіліп отыр. «Қарағайлы», «Ақжар», «Тәуісәлі», «Тастыбұлақ», «Шұғыла», Таужолының басқа шағынаудандарында жазғы кезеңде проблема бар. Кезекті жаңа су құбыры мен сорғы стансасы аудан мен жалпы қаладағы тұрғындардың ауызсу мәселесін еңсеруде үлкен рөлге ие. Ол ауқымды аумақты құбыр сумен қамтамасыз ете келе, жерасты су көздерін бейберекет пайдалануды реттеуге де көмек береді.

ЭЛЕКТРЛІ КӨЛІК

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Алматы қаласының полицейлері самокат жүргізушілеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл туралы ПМ ресми сайтында жарияланды.



Алматы қалалық ПД-ның патрульдік полициясы және мамандандырылған батальонының инспекторлары ҚР-ның «Жол қозғалысы туралы» Заңына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бойынша құқықтық түсіндіру жұмыстарын бастады. Атап айтқанда, Заң «электрлі самокат» ұғымымен толықтырылған, ол максималды жылдамдығы 25 км/сағ аспайтын көлік құралы ретінде қарастырылады. Енгізілген өзгерістерге сәйкес, электрлі самокат жүргізушілері велосипед жолымен қозғалады. Олар болмаған жағдайда, заңда белгіленген шарттар мен тыйым салуларды ескере отырып, электрлі самокаттарға жүру бөлігінің оң жақ жиегімен жүруіне рұқсат етіледі.

Сонымен қатар, электрлі самокаттардың жүргізушісі кемінде 18 жаста болуы керек, ол басына дулыға және үстіне шағылыстыратын киім киюі қажет, сондай-ақ кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі болуы шарт. Жолдың жүріс бөлігінің оң жақ шетінде, оның ішінде маршруттық көліктерге ар-

налған жолақпен электр самокаттарын жүргізу кәметтік жасқа толған және кез келген санатты жүргізуге құқығы бар адамдарға рұқсат етіледі. Ережелердің бірін бұзған жағдайда жүргізушілер ҚР ӘҚБтК-нің 593-бабы және ҚР ӘҚБтК-нің 620-бабымен жауапкершілікке тартылады.

Аталған баптардың санкциялары бойынша құқық бұзушыларға 5 АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл салынады. Құқық бұзушылар патрульдеу барысында, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жедел-профилактикалық іс-шараларды жүргізу барысында анықталатын болады. Заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Тілсіз жау талай кемшілікті көрсетті

Айнабай
МӘДІӨРТ КАБЕЛЬДІК
ШАХТАДАН БАСТАЛҒАН

Алатау ауданындағы «Аккент» ы/а, 54 үйдегі өрт туралы хабар қалалық Төтенше жағдайлар департаментіне 1 тамызда сағат 17.10-да келіп түсті. Оқиға орнына 6 минутта жеткен алғашқы өрт сөндіруші команда 16 қабатты үйдің кабельдік шахтасында электр кабелінің 80 шаршы метр алаңында ашық жалынмен жанып жатқанын анықтады.

3 өрт сатысы, 2 тасымалдау құрылғысы бар автокран, сондай ақ «аралас тәсілмен» қол өрт сатысы (үш иінді баспалдақ, шабуыл сатысы) орналастырылды. Газ-түтіннен қорғау қызметі 80 тұрғынды құтқарды. Оның 35-і – құтқару қалпағымен, қалғаны – арнайы техника көмегімен оттан арашаланды, 200-ден астам адам эвакуацияланды. Өрт 18.46 минутта толығымен өшірілді.

ҚАЛА ӘКІМІ БЕКМҰХАМЕТОВТАР
ОТБАСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бекмұхаметовтар отбасына көңіл айтты.

«Қайрат Жармұхамедұлы мен Жұмагүл Жұмашқызы, сіздердің қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын! Өселдің өмірден мезгілсіз өтуі сіздер үшін ғана емес, барлық алматылықтар үшін орны толмас ауыр қайғы. Туған баласынан айырылу ата-ана үшін өте ауыр.

Орны толмас ауыр қазада сіздерге сабыр мен төзімділік тілеймін. Сіздердің қыздарыңыз, Өселдің әпкесі Айжанның тезірек сауығып кетуін тілеймін. Оның толық сауығуы үшін барлық қажетті медициналық көмек көрсетіледі», – деді қала әкімі.

ӨРТ БОЛҒАН ҮЙДЕ ҚОРҒАНЫС
ЖҮЙЕСІ ІСТЕМЕГЕН

«Аккент» ықшамауданында болған өртке байланысты Алматы қаласы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінде өткен брифингте от-жалынға оранған үйде өртке қарсы қорғаныс жүйесі істемегені мәлімделді.

Бұл мәліметті тілшілерге қалалық ТЖД бастығының міндетін атқарушы Ерлан



Әлібеков жеткізді. Сондай-ақ, брифингке Алатау ауданы ТЖБ бастығы Нұрлан Таубеков, «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ бастығының орынбасары Диас Мусин қатысып, журналистер сауалдарына жауап берді.

Азаматтық қорғаныс полковнигі Е.Әлібековтің айтуынша, көппәтерлі тұрғын үйдің оңтүстік жағында өрт сөндіру техникасына арналған кіреберіс (подъезд) болмаған. Сол себепті, сол тұста орналасқан пәтерлердің есіктері қолмен сындырылып, автосатылар үшін жол ашуға тура келген.

«Бұл жұмыстарға біраз уақыт кетті. Айтпағымыз, аталған үйдегі кондоминиум өкілдері инженерлік жабдықтардың, соның ішінде өртке қарсы қорғаныс жүйесінің ұқыпты сақталуына аса жауапты болуы қажет-тін. Мына жағдай тұрғын үйдегі түтінге қарсы қорғаныс жүйесінің жұмыс істемейтінін көрсетті. Егер жүйе жұмыс істесе, ғимарат қабаттарын қатты түтін баспаған болар еді», – деп мәлімдеді ТЖД бастығының міндетін атқарушы Ерлан Әлібеков.

Е.Әлібеков мұндай үйлерде апаттық шығу жолы ретінде 5-қабаттан бастап жоғары қабаттардың балкондарына дейін жалғасқан қақпақтар (люк) болатынын қадап айтты. «Аталған қақпақтың бәрі жабық болған. Егер ашық болса, жоғарғы қабаттағы тұрғындар 5-қабатқа дейін түсіп, ары қарай біздің өрт сөндірушілер

оларды эвакуациялайтын еді», – деп мәлімдеді азаматтық қорғаныс полковнигі.

ӨРТКЕ ҚАТЫСТЫ ЕКІ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Бұл туралы Алматы қалалық ТЖД бастығының міндетін атқарушы Ерлан Әлібеков мәлімдеді. «Өрт фактісі бойынша қалалық прокуратура ведомствоаралық тергеу жедел тобын құрды. Топ құрамына алдын ала анықтаушылар кірді. Оқиғаға қатысты екі қылмыстық іс қозғалды, өрт-техникалық сараптамалар тағайындалды. Жедел тергеу әрекетін жүргізу басталды», – деп хабарлады азаматтық қорғаныс полковнигі.

23 ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ
ЖҮМЫЛДЫРЫЛДЫ

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Назгүл Иманғалиева Алатау ауданы, «Аккент» ықшамауданы, 54-үйде болған өрттен зардап шеккендер жатқан ауруханаларды аралады.

2.08.2023 жылғы жағдай бойынша өрт салдарынан барлығы 49 адам зардап шекті, оның ішінде екі ересек адам (№7 ҚКА), 15 бала (оның 9-ы – БЖМКО-да, 6 бала – №2 БҚКА-да) стационарлық ем алып жатыр. Қалғаны барлық қажетті медициналық көмек көрсетілгеннен кейін ауруханаға жатудан бас тартты. Екі ересек адам реанимацияда. 35 жастағы әйел – кататравма,

2-дәрежелі травматикалық шок диагнозымен, ал 19 жастағы қыз ауыр бас-ми жаракатымен, көптеген сынық диагнозымен жатыр.

1992 жылғы әйел өмірге сәйкес келмейтін көптеген жарақат салдарынан қайтыс болды. Жағдайы ауыр әйел дереу №7 қалалық клиникалық аурухананың жансақтау бөліміне жеткізілген. Жедел жәрдем бригадасының мәліметінше, ол өрт кезінде 5-6-қабаттан құлаған. Оған қойылған диагноз: кататравма, 2, 3-дәрежелі травматикалық шок. 1 бала жансақтау бөлімінде жатыр. Жағдайы тұрақты. Қалған ауруханаға жатқызылған науқастардың жағдайы тұрақты.

Ауруханалардың қабылдау бөлімінде қажетті мамандарды тарта келе, барлық науқасқа қажетті көмек көрсетілді. Көрсетілген көмектен кейін 17 ересек, 14 бала тұрғылықты жеріндегі емханаға одан әрі амбулаторлық емдеуге жіберілді. Өрт болған кезде 23 жедел жәрдем жұмылдырылды, соның ішінде 5 жансақтау бригадасы болды.

ҚАЗА ТАПҚАНДАРДЫҢ
ОТБАСЫНА ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ

«Ayt housing Complex» ЖШС «Аккент» тұрғын үй кешенінің салушының ақпаратынша, өрт кезінде қаза тапқандардың отбасына өтеусіз негізде екі бөлмелі пәтер беріледі.

«Компания атынан марқұм болған Өсел Бекмұхаметованың туыстары мен жақындарына көңіл айтамыз. Өселдің Айжан әпкесінің тезірек сауығып кетуін тілейміз» делінген хабарламада. Сонымен қатар, құрылыс салушы өрт шыққан үйді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге уәде етті. Бұл туралы Ayt housing Complex құрылыс компаниясының бас директоры Қанат Ералиев «Аккент» ТК тұрғындарымен кездесу барысында хабарлады. «Біз өз бастамамызбен үйді қалпына келтіру шығындарын өзімізге алуға дайынбыз», – деді бас директор.

Лифтілерге келетін болсақ, бұл тұрғын үйдегі лифт 2015 жылдан бастап жұмыс істейді. «АГ МЕЛЬКО Элеватор Казахстан Компани» ЖШС лифт компаниясы қызмет көрсетеді. Лифттерді соңғы техникалық куәландыру осы оқыс оқиғадан 4-5 күн бұрын жүргізіліпті.

(Ақпарат «Ayt housing Complex» ЖШС-нің баспасөз қызметінен алынды).

ӘЛЕУМЕТ

СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ ШАҒЫН ҮЙ

пилоттық жобасы мүмкіндігі шектеулі балаларға да, ата-анасына да оңтайлы болып тұр

ҚР Әлеуметтік кодексін іске асыру аясында Қазақстан өңірлерінде жеке секторды тарта отырып, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін сыйымдылығы шағын үйлер құру жөніндегі пилоттық жоба басталды. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мүгедектігі бар балалардың ата-аналары мұндай мекемелерді ашудың оң әсерін атап өтті. Бұған дейін хабарланғандай, мүгедектігі бар балаларға арналған алғашқы сыйымдылығы шағын үй биылғы 4 шілдеде Қарағандыда ашылған болатын. Мұнда күндізгі стационар жағдайында психоневрологиялық патологиясы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар арнайы әлеуметтік қызметтерді алуға.

Сыйымдылығы шағын үйлерді енгізудің нәтижесінде қызмет алушылар санының аздығына байланысты дамуында кемістігі бар балаларды абилитациялау сапалы форматта

жүргізілетін болады. Азаматтар мұндай үйлерді ашу тиімді екенін айтуда.

Арнайы әлеуметтік қызмет алушылардың аналары балаларының Қарағанды қаласындағы сыйымдылығы шағын үйлерде көрсетілген қызметтерден алған әсерлерімен бөлісті.

«Сыйымдылығы шағын үйге келгенімізге үш аптадай болды. Көрсетілген қызметтердің нәтижесінде баламның жағдайы жақсаруда. Мұнда балаларға барлық жағдай жасалған, олар өздерін үйдегідей сезініп жүр және қажетті көмектің барлығы қарастырылған. Осы орталықтың жоғары білікті мамандарына алғыс айтамын», – деді Мәдина Жекенова деген ата-ана.

«Мен де ризашылығымды білдіргім келеді. Бүгінде осы орта-



лықта біздің балаларымыздың толыққанды өмір сүруіне және басқа балалармен араласуына барлық мүмкіндік жасалған. Ал біздің, яғни ата-аналардың, балаларымыз осында болған уақытта жұмыс істеуге мүмкіндігіміз бар. Әр қызметкерге еңбегі мен балаға деген қамқорлығы үшін рахмет!», – деді Вероника Афанасьева.

Аталған қанатқақты жобаны іске асыру шеңберінде еліміздің тағы 6 өңірінде: Ақмола, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында осындай сыйымдылығы шағын үйлер ашу жоспарлануда.

Бүгінгі күні елімізде 711,8 мың мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде ересектер – 607,6 мың (ең-

бекке қабілетті жастағысы – 420 мың; зейнеткерлер – 187,5 мың), 18 жасқа дейінгі балалар – 104,3 мың. Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша әлеуметтік қызмет көрсету жүйесімен 109 мыңнан астам адам қамтылған, оның ішінде 52 мыңы – мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде 21 мыңнан астамы – осы санаттағы бала.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

25 ҚОҚЫС ШЫҒАРАТЫН ҰЙЫМ

қатты тұрмыстық қалдықты тасумен 100% қамтамасыз етеді

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде қатты тұрмыстық және құрылыс қалдығын жинау мен шығаруды ұйымдастыру жөнінде Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің өкілдері мәлімдеді. Экология департаментінің мемлекеттік экологиялық инспекторы Нұржан Бөлекбаевтың келтірген дерегіне, 25 қоқыс шығаратын ұйым қатты тұрмыстық қалдықты шығарумен 100% қамтамасыз етеді, олар мегаполис аумағында 94 учаскеге қызмет көрсетеді.



Айнабай
МӘДИ

«2022 жылы коммуналдық қызметтер мен қоқыс шығаратын ұйымдар Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасының келтірген дерегіне, қоқыс сұрыптау кешендері мен Алматы облысының 6 полигонына – 451,821 мың тонна коммуналдық қалдықты жинап, әкетті. 2021 жылдың осындай кезеңінде 443 мың тонна шығарылған болатын», – деді Экология департаментінің мемлекеттік экологиялық инспекторы Н.Бөлекбаев.

Құрылыс қоқысын шығару үшін құрылыс компаниялары Қарасай ауданында орналасқан Ақсай карьерімен тікелей шарт жасасады. Құрылыс қалдығын қабылдау карьері Талғар ауданында да орналасқан. Мемлекеттік экологиялық инспектордың мәліметінше, Алматыда қайта өңделетін шикізатты: макулатура, пластмасс, шыны сынықтары, медициналық қалдықтар мен басқа да қалдықтарды жинау, әкету мен қайта өңдеумен жеке кәсіпкерлік субъектілері айналысады.

«Green Recycle» ЖШС жеке серіктесі қайта өңделетін шикізатты қайта өңдеуге тапсыру туралы 13 ұйыммен ынтымақтастық туралы шарт жасасты: Пластик – «Recycle Ecology» ЖШС, «Kaz vtor Plast» ЖШС; промазана – «Омар Пласт» ЖШС, «Нүркен» ЖК, «Дамир компани» ЖШС, «Радуга» ЖШС, «Kaz West Green Energy» ЖШС; металл – «Алатау 21» ЖШС, «JoLAY» ЖШС, «Global Trans Service Group» ЖШС; макулатура – «Kazakhstan West Recycling» ЖШС, «Карина трейд» ЖШС, «Маолин» ЖК; шыны – «EcoCity» ЖШС, «Мамбетов» ЖК.

БРИФИНГ

ЖҰМЫССЫЗ 400 АДАМ ТЕГІН КӘСІПТІК ОҚУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Алматыда жұмыссыз 400 адам тегін кәсіптік оқытуға жіберілді. Жалпы, 1000 адамды кәсіптік оқытуға жіберу жоспарлануда. Оның ішінде: білім беру ұйымдарында кәсіптік оқытуға 687 адам жолданса, жұмысы жоқ 313 адамды жұмыс берушілердің жұмыс орнына кәсіптік оқытуға жіберу көзделуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Мансап орталығының басшысы Әділет Жаңабаев айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Спикердің айтуынша, кәсіптік оқыту ұзақтығы 3 айдан аспайды. «Биыл 26 сәуірде өткен өңірлік комиссия отырысында білім беру ұйымдарында кәсіптік оқыту бойынша 18 мамандық бойынша 42 жұмыс берушінің тізімі, 687 орынға бекітілді. Жұмыссыздарды жұмыс берушілердің жұмыс орнында кәсіптік оқытуды ұйымдастыру үшін 12 мамандық бойынша 13 жұмыс берушінің тізімі, 313 орынға бекітілді», – деді Ә.Жаңабаев.

Көрсетілген кәсіптік оқыту түрлері бойынша 2023 жылға бір адамға оқыту құны 50 мың теңге мөлшерінде бекітілді. Кәсіптік



«Kazakhstan West Recycling» ЖШС-мен бірлесіп, қала аумағында қайта өңделетін шикізатты қабылдауға 31 пункт орнатылды. Павильондар автономды, «Kazakhstan West Recycling» ЖШС және «Оператор РОП» ЖШС қаражаты есебінен (10 000 тоннаға жуық қайта өңделетін шикізат жиналды) дайындалды. Сондай-ақ, Алматы қаласының аумағында 2018 жылдан бастап қатты тұрмыстық қалдық-ты сұрыптау көлемі жылына 28 800 тоннаға дейін «Куйкабаев М.Д» ЖК қоқыс сұрыптау стансасы жұмыс істейді.

СЫНАПТЫ АСПАП, МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛДЫҚ ҚАЙТА ӨНДЕЛЕДІ

Алматылықтар құрамында сынабы бар шам мен медициналық қалдықтарды қайда тапсыра алады? Бұл сауалға да Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Экология департаментінің өкілдері жауап берді. Алматыда былтыр құрамында 12 мың тоннадан астам сынап бар аспап пен бұйым қайта өңделіпті. Мегаполисте қала тұрғындары қауіпті қалдықтар тапсыра алатын бірқатар кәсіпорын бар.

Ведомствоның мәліметінше, қауіпті қалдықтар реттеу шеңберінде қалада тұрғындардан құрамында сынап бар шам мен аспапты жинау үшін пилоттық жоба іске асырылды. ПИК алдындағы 10 учаскеде қауіпті қалдықтарды жинауға арналған арнайы контейнерлер орнатылған. Қалада медициналық қалдықтарды өңдеумен «Эгида» ЖШС және «УтилМедстрой» ЖШС

КЕРЕК ДЕРЕК

- 2022 жылы қоқыс сұрыптау кешендеріне 376 737 тонна қатты тұрмыстық қалдық қабылданды.
- Былыр сұрыпталған қайта өңделген шикізат көлемі – 333 951 тонна, кәдеге жарату пайызы – 11,35%-ды құрады.
- Медициналық қалдықтарды өңдеумен «Эгида» ЖШС, «УтилМедстрой» ЖШС айналысады.

сияқты мамандандырылған кәсіпорындар айналысады.

«Былыр «Esoalmaty» ЖШС (бұрынғы «Алматыэкологострой» МКК) тұрғындар мен келісім-шарт бойынша заңды тұлғалардан – 75 037 бірлік, 12,756 тонна құрамында сынап бар аспап пен бұйым жиналып, қайта өңделді. «Сынап плюс» ЖШС өз қызметін белгісіз мерзімге тоқтатты. Аталған кәсіпорындардан басқа, Алматы қаласының аумағында пайдаланылған электрондық аспап пен жабдықтың құрамында сынабы бар қалдықтарын жинаумен «Топан» ЖШС, «Промтехноресурс» ЖШС, термометрлерді жинаумен – «МВЭ Арна» ЖШС айналысады. Құрамында сынап бар қалдықтарды қайта өңдеуге жоғарыда аталған ұйымдарға тапсырылады», – деп мәлімдеді Экология департаментінің мемлекеттік экологиялық инспекторы Н.Бөлекбаев.



ғаннан кейін жұмыс берушілер оқып шыққандардың жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі. Бүгінгі күні Мансап орталығына 400-ден астам жұмыссыз оқуға өтінім қалдырып, оқуға жіберілді. Келешекте үміткерлердің өтініш жасауына қарай тізім кеңейтіліп, кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілетін болады», – деді спикер.

Тегін кәсіптік білім алуға ынтылы жандар осы жөнінде толық мағлұмат білгісі келсе, қаладағы Достық даңғылы, 85-үйде орналасқан «Әлеуметтік қызметтер үйіне» баруына немесе 310-47-82 бірінғай нөміріне хабарлауына, сонымен қатар Мансап орталығының әлеуметтік желідегі @ctm_almaty парақшасына кіріп, танысуына болады.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘН-ЖАЙЫ

Алматы әкімдігі тұтас гранит плиталарын жаңарту туралы ақпаратты жоққа шығарды. Жаз бойы Алматыда жарамсыз жағдайдағы саябақтар мен скверлерді қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әрине, мұндағы басты мақсат – қала тұрғындарының бос уақыттарын тиімді өткізуіне қолайлы жағдай жасау екені белгілі. Дегенмен, әлеуметтік желілердегі бүкіл гранит плиталарын жаңарту туралы жазылған ақпарат шындыққа жанаспайды.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Мәселен, Уәлиханов атындағы саябақ пен Қонаев көшесі жағынан видеокадрларға түскен гүлзарлар мен гранитті плиталардың шамамен 80–85%-ы сақталып, мұндағы тек сынған және қайта қалпына келмейтін гранит плиталар ғана ауыстырылады. Медеу ауданы әкімдігінің ақпаратына сәйкес, ағымдағы жылы ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым ордасының ғимаратының – сәулет ескерткішін күрделі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары басталды. Осы жоба аясында іргелес аумақтарын абаттандыру жұмыстары да жоспарланып отыр. Дәл қазір Шоқан Уәлиханов атындағы саябақта гранитті плитканы қалпына келтіру мен жөндеу жұмыстары басталды.

Айта кетерлігі, жарамды плиткалар тазалау үшін алынып, кейін өз орындарына қай-



тадан қойылатын болады. Сонымен қатар, тірек қабырғаларының гранит плиталары, сондай-ақ гүлзарлар мен тротуарларды жиектейтін шекаралар бөлшектелмейтінін де ескере кеткен маңызды. Жөндеу жұмыстары барысында плиталар ғана емес, субұрқақтар жүйелері де тазаланады. Қолға алынып жатқан барлық жұмыстарды ағымдағы жылдың қыркүйек айында аяқтау жоспарланып отыр. Бұған қоса, дәл осындай жөндеу жұмыстары Қонаев көшесі жағындағы Ғылым ордасының ғимаратына іргелес жатқан скверде де жүргізілетін болады. Мұндағы гранитті плиталар да қалпына келтіріліп, тазалап, тегістегеннен кейін орнына қойылады.


Сонымен қатар, аталмыш алаңда жарықтандыру тіректері орнатылып, бұталар мен гүлзарлар отырғызылады. Бұл жұмыстар осы жылдың қазан айында аяқталады. Екі нысан бойынша да жүргізіліп жатқан жұмыстар жеке қаражат есебінен жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Пушкин көшесінің бойындағы скверде де жөндеу жұмыстары басталды. Мұнда жарықтандыру тіректері қалпына келтіріліп, А.С.Пушкин ескерткішінің алдына төселген төсеніштер ауыстырылады. Сонымен қатар, осы маңайға жасыл екпелердің автоматты суару жүйесі орнатылып, бұталар мен гүлзарлар отырғызылады.

Ал қалаға көрік беріп тұрған «Зодиак белгілері» субұрқағының айналасындағы гранит плиталар ауыстырылмайды. Олар әзірге сапалы әрі жарамды. Жалпы, жүргізіліп жатқан жұмыстар ағымдағы жылдың қазан айында аяқталады. Д.Қонаев атындағы сквердің сыртқы жарықтандыруды қалпына келтіру жұмыстары барысында 26 тірек пен 56 шамды қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

Алматының тарихын жалпы ел тарихынан бөліп қарай алмайсың. Кезінде бүгінгідей технологияның ісі де жоқ тұста ел астанасы болғанына көп уақыт өте қоймаған шаһар шаруашылығын дамыту да оңайға соққан жоқ.



ӘРІПТЕСТЕРІ ОНЫ КОРЧАГИНГЕ ТЕҢЕПТІ

Димекен қадірлеген тұлға еді



Өсіресе, қаланың соғыстан кейінгі жағдайы өте күрделі болды. Міне, осындай кезде қалаға өмірлік тәжірибесі мол, талай қиын-қыстау кезеңнен, тар жол, тайғақ кешуден өтіп әбден ысылған, от пен суға түсіп шыққан кадрларды табу да қиынға түсті. Осының алдында ғана қаланы соғыстың жалыны шарпып тұрған кезде басқарып, жүз жасқа жетіп бертінде өмірден озған Мұхамеджан Әбдіхалықов туралы қалам тербеп едік. Бұл кісіге арнайы тоқталып отырған себебіміз осынау сұрапыл кезеңде қаланың тізгінін ұстағандарды шын мәнінде қаһарман десе болғандай еді. Алматыны соғыстан кейін үш жыл басқарған сондай тұлғаның бірі Хафис Айбасов ақсақал еді.

Халқымыздың тарихында ашаршылықтың үш кезеңнен тұратынын біле бермеуіміз әбден мүмкін. Себебі, көп шындық бертінде тоталитаризмнің тоңы жібіген соң там-тұмдап айтыла бастады ғой. Міне, бала Айбас та алғашқы белгілері 20-жылдары елді шарпи бастаған сол зұлматтан аман шықты.

«Өзен жағалағанның өзегі талмайды» демекші, балықшы отбасында дүниеге келгені де бір бақыт еді. Бұйырған несібесін теңізден теріп жеп жан сақтады. Алты жасында әкесінен айырылды. Анасы Айша үш ұлын арқа-лап жүріп, жетілдірді. Ес біліп, есейген сәттен бастап оқуға ұмтылады. Астрахандағы балық шаруашылығы техникумына түседі. Содан зерек бала оқуын ғылымға ұштастырып, Александровский портындағы балық шаруашылығына арналған ғылыми өндірістік мекемеге ғылыми қызметкер болып орналасады. Сөйтіп, тұлпарлығын тай күнінен танытқан ол жастығына қарамай, құзырлы мекемелерде басшылық қызметке тартылды.

Осылайша тағдыр оны Алматымен тоқайластырады. 1945 жылы 37 жасында Алматы қалалық партия комитетінің үшінші хатшысы болады. Міне, осы қызметте жүріп ол шаһардың тыныс-

тіршілігімен терең тыныстайды. Айрықша ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Небәрі екі жыл өткенде Х.Айбасов қалалық еңбекшілер кеңесі депутаттарының шешімімен Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Бұл кездегі басты мақсат жаңа құрылыс нысандарын салу емес, ең алдымен халықтың әл-ауқатын жақсартып, қаланы қалпына келтіру еді. Айбасов осы іске жанын салады. Ақыр соңында денсаулығына да нұқсан келіп, бір өкпесінен айырылады. Құдайдың берген қуаты, асқан төзімі арқасында бұл дертті де жеңіп шығады. Тіпті, оның осынау аңызға бергісіз ғажайып тағдырына танданғанның белгісі ме екен, замандастары оны Корчагинге теңеген деседі.

Өршіл, рухты, бірбеткей оны әріптестерінің Корчагинге теңеуі де бекер емес. Оны Мұхамеджан Әбдіхалықов ақсақал бір сұхбатында былайша растапты.

– Ол әу бастан соншалықты қарапайым еді. Жұмыс десе барын салатын. Сондықтан билік оны кілең зар илеп жатқан жерге жіберді. Ол кезде Алматы тікелей Мәскеудің қарауында еді ғой. Мәскеусіз ештеңе мақұлданбайтын. Соған қарамастан, ол өзі батыл шешімдер қабылдайтын. 1950 жылы оны тегін жасырғаны үшін партия қатарынан шығарды. Бұл шешімге ол пысыққан да жоқ. Кейін табандылығы мен өжеттігінің арқасында партия қатарына қайта қабылданды. Оның денсаулығына қарамастан соншалықты жігерлі болғанының бір себебі спортпен үздіксіз айналысты. Сондықтан да болар, қалада бұқаралық спорт түрлерін дамытуға кең өріс ашты, – депті ақсақал.

Алматыны әр жылдарда басқарған қай басшының да өмір жолына зер салғанда, олардың қай-қайсының да өзіндік қайталанбас қолтаңбасы айқын көрініп тұрады. Бұл кісіні Димаш аға Қонаев қатты қадірлеп, үй-ішімен араласыпты. Димекен бекерге жақсы көрмесе керек.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ОТАНҒА ОРАЛУЫ

1962 жылы Қазақстанның рухани өмірінде ешкім күтпеген ерекше оқиға болды. Ғылым мен білім жолындағы жаңа жетістіктерді паш етіп отыратын «Білім және еңбек» журналының №1 санында тұңғыш рет әл-Фараби деген беймәлім бір кісі жайында материал басылған. Қазақ жұрты тұңғыш рет оның жарқын бейнесі түскен суретін көрді. Онда төрткүл дүние түтел мойындаған әл-Фараби жайында түсініктеме беріліп, оның қазақ топырағынан шыққан біздің бабамыз екендігі бірінші рет айтылды. Бұл бүкіл әлем зиялыларының көзқарасында өзгеріс тудырған тосын жаңалық болатын.

Журнал бетінде әл-Фараби бабамыз туралы айтып, оның тоғыз трактатының аудармасын берген ғұлама ғалым Ақжан Машани еді. Ол бір кездері дүниеде әл-Фараби деген түркі данышпаны болғандығын әлем ғалымдарының бір форумында кездейсоқ естіп қалады. Ол соғыс жылдары болатын. Соңына түсіп зерттеудің мүмкіндігі бола қоймаған еді.

– Сол 1950 жылға қарай бұл кісі әл-Фарабиді түрлі әдебиеттерден іздей бастайды. Ешқандай әдебиеттерде, энциклопедияларда жоқ, содан 1958 жылдары Тәшкенге тартады. Ақжан Машани ол жолы Тәшкеннен де ештеңе таба алмаған. Ондағы академияда Шығыс институты бар болатын, бірақ әл-Фараби туралы ешбір дерек кездесе қоймайды. Сол кезде бүкіл Орта Азия мен Қазақстанның муфтиі Бабахан: «Сіз оны табу үшін Қазанға, Уфаға қарай барыңыз» деген ақыл айтады. Сол

Сұрай-сұрай Меккеге де бара-сың деген. Машани тынбай ізденіп, бір заманда ілім-білім соңынан қуып жырақтап кеткен әл-Фарабидің қабірін тапты. Ол – 1968 жыл болатын. Сонау Сирия еліндегі Дамаск, бұрынғы Шам қаласынан 60 шақырымдай жерде екен. Басына барып, ұлы бабаның әруағына бағыштап құран оқыды.

– «Әл-Фарабидің басына барғанда мен жетімсіредім» деп еді Ақжан Машани. Өйткені, әл-Фараби жермен-жексен болып, тегіс жерде жатыр екен. Басына апарып көрсеткенде, іштегі күмәнін жасыра алмай: «Мұның әл-Фараби екенін қайдан білемін» деп сенімсіздік те көрсеткен ғой ертіп жүргендерге. Сонда басындағы шырақшы ол кездері елден озған ғұламаларды патша мен әкімдерді көметін бөлек зиратқа жерлейтін болғандығын айтады. Сосын мұндағы жатқан кісінің түрік жұртынан, Түркістаннан екендігін дә-



оң көзбен қарап, «үш әріп» те жұмсара түседі. Осы сәттен кейін ғана лексиконымызға да әл-Фараби біздің бабамыз екендігі ене бастады. Шындығын айтқанда, әл-Фарабиді тану, кейінгі Ақжан Машаниді тану – бұл қазақтың дүниетанымын тану дегенмен бірдей. Өйткені, Ақжан Машанидің еңбектеріне зер салсақ, әл-Фарабиді зерттей отырып, оны Абаймен, қазақтың дүниетанымымен салыстырып отырады. Оның бәрін сосын бүгінгі ғылыммен салыстырып отырған. Осы жағынан Ақаң әлі біздің ашылмаған үлкен құпиямыз деп ойлаймын, – деді Ақжан Машанидің шәкірті болған Шәмшиден Әбдіраман.

Қазақтың ұлы ақыны Абайды кішкентайынан жақсы білетін Ақжан Машани оның ішкі дүниесінің әл-Фарабиден үндесіп жатқанын аңғарады. Әр заманда өмір сүрген екі данышпанның арасында беймәлім бір байланыс барын білген. Елеп-екшеп, зерттей келе, қызықты құпиясы мен сан қырлы сырлары мол «Абай және әл-Фараби» атты еңбек жазды. Жалпы, әл-Фарабиді толық білу үшін дін жолына түбегейлі мойын бұру қажет деп санаған. Ал әл-Фарабидің басына баруға өзбектен шыққан абзал азамат Мұхитдиновтың көп көмегі тиеді.

– Оған Өзбекстаннан шыққан, бұрын өздерінде Орталық Комитеттің хатшысы, одан кейін мақта министрі болған Мұхитдинов көп жәрдем берген. Мына жақтан шығарда, оған арнайы хат жазып берген. Сирияға барып хатты көрсеткенде, ол қасына адам қосып беріп, әл-Фарабиді табуға үлкен септігін тигізген екен. Мұны маған Ақжан Машанидің өзі айтты. Негізі, Ақжан Машановтың аузынан шыққан бір сөзін жерге түсірмеу керек еді. Ол кісі ұзақ уақыт үйінде жалғыз қалып, кітап жазып қана жатты. Оған ешкім назар аудара қоймады. Оның соңғы жазған «Абай және әл-Фараби» атты кітабындағы цифрлар мен химиялық есептерді түсініп оқып, талдау үшін ғалымдарымызға көп уақыт керек-ау, көп тер төгу қажет-ау деп ойлаймын. Ақжан Машанов бүгінгі ғылым мен исламның арасын жалғастыратын, құламайтын көпір салған адам деген ойдамын, – деді «Абжад» ілімін зерттеген Әмірбек қажы.

Ол заманда кенестік үстемдіктің қылышы жалаңдап тұрған шақ. Кезінде Машаниге «ғалым ба өзі, молда ма?» деп күлгендер де болды. Ал ол қалыптасқан осындай қиын жағдайға қарамай, исламның ғылымнан бөлінбейтіндігін дәлелдеген.

Ә.ИСЛАМХАНҰЛЫ.



Уфаға барып, бұл кісі әл-Фарабидің үш кітабын табады. Ақжан Машани сосын Лондон, Париж, Лиссабон, Берлин, Каир сияқты үлкен қалаларға хат жазып, оларға сирек кітаптар жіберіп, әл-Фарабидің 160 еңбегінің библиографиясын алады, – деді, өзінің ұстазы жайында үлкен ықыласпен белгілі ғалым, фантаст-жазушы, Шығыс ғұламалары және Машани орталығының директоры болып көп қызмет атқарған Шәмшиден Әбдіраман.

Тосын жаңалық сол кездегі саясаттың тамағына тірелген еламан сүйектей болды. Себебі, ұлан-ғайыр ұлы даланы мекен еткен қазақ көшпелі ел атанып, оған отырықшылық пен мәдениетті әкелген Кеңес үкіметі деп келген. Ал ғылым-білім, мәдениеті дамымаған көшпелі елдің ішінен әл-Фараби сияқты ғұламаның шығуы мүмкін емес еді. Сол себепті, оны зерттеп жүрген ғалым Ақжан Машаниге Мәскеудегі жоғары жақтың қырын қарауы басталады. Ол сол сәттен бастап «үш әріптің» де қара тізіміне енді. Бұлайша қалыптасқан жағдай өз арамыздан шыққан зиялыларымыздың да Машаниге деген теріс көзқарасын қалыптастырған.

лелдеп береді, – деді Машанидің шәкірті, қабір басына барып құран оқып қайтқан екінші қазақ Әмірбек қажы Есенбайұлы.

Көне дәуірде қазір ұмыт бола бастаған «Абжад» деген ілім болған. Оны білетін адам саусақпен санарлықтай ғана. «Абжад» ілімін қазақта жетік меңгерген Ақжан Машани еді. Оған кештеу кездесіп, шәкірті болған Әмірбек Есенбайұлы ғұлама ғалымның осы бағытын ұстады. 1997 жылы Сирияға барған сапарында ол Ақжан Машанидің аманатын орындап, әл-Фарабидің зиратына барып тағзым еткен.

Қазақ мәдениетінің тарихына тереңдеген ғұлама ғалым Ақжан Машаниге әл-Фарабидің жатқан жерін табу оңайға түспеген. Бұл орайда ол ұзақ та қиын жолдардан өтті. Қолдаудан гөрі кедергі көп еді. Тіпті, ол өзі құрысқан Ғылым академиясының толық мүшесі де бола алмады. Содыр саясат жардан итеріп құлатуға бейім еді. Соншама сірескен тоңның жібуіне бір ғана мақала әсер етті.

– 1963 жылы «Юность» деген журналда әл-Фараби туралы «Аристотель Востока» деген кішкентай ғана мақала шықты. Міне, осыдан кейін ғана жұрттың бәрі



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

БАЛАҢЫЗҒА МЕКТЕП ФОРМАСЫН АЛДЫҢЫЗ БА?

Еліміздің мектеп оқушылары 2003 жылдан бастап бірыңғай мектеп формасына көшкені белгілі. Бұл бағытта ұзақ уақыт бойы талдау-талқылау жұмыстары жүргізіліп, бір шешімге келу оңайға түспеген еді. Еркіндікке жіберілген мектеп формасын бір жүйеге түсіру үшін құрамында тиісті сала өкілдері, сарапшылар, дәрігерлер мен ата-аналардан тұратын топ жұмыс жасады. Нәтижесінде мектеп формасы бір жүйеге түсіп, оқушының бет-бейнесін айғақтайтын «құжатына» айналды. 2023 жылы мектеп формасына аздаған өзгертулер енгізілді, ол 2022 жылғы 30 желтоқсанда Оқу-ағарту министрі қол қойған бұйрыққа сай 5 қаңтардан бастап күшіне енген еді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зағира ИСАБЕКОВА,
дәрігер:

САПАСЫНА МӘН БЕРУ КЕРЕК

Оқушы формасы ең алдымен ыңғайлы болғаны дұрыс. Ата-аналардың да мектеп формасын таңдаған кезде бағасына емес, сапасына баса мән бергені жөн дер едім. Мектеп формасына арналған маталардың ең бастысы, сапасы жақсы, әрі тез тозбайтын, бактерия, микробқа қарсы және антистатикалық қасиеттері бар жартылай жүн және мақта маталар болғаны жөн. Бұрын бұл міндетті талап болатын. Сондықтан мектеп формасының сапалық құрамы баланың терлемуіне, денесінде өзгерістердің болмауына, ауаның еркін өтуіне әсер етсе, баланың да еркін қимылдауына мүмкіндік болады.

Ақмарал БОЖАНОВА,
№138 гимназия директорының тәрбие жөніндегі орынбасары:

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІКТІ БОЛДЫРМАЙДЫ

Республикамызда мектеп формасы енгізілгеннен бері ата-аналар мен педагогикалық қоғамның басым бөлігі бұл бастаманы қызу қолдаған еді. Осы салада ұзақ жыл еңбек еткен ұстаз ретінде байқағаным, бірыңғай мектеп формасы оқушылар арасындағы әлеуметтік теңсіздік пен басқа да ерекшеліктерді болдырмайды. Сондықтан мектеп формасын енгізу талабын дұрыс деп қабылдадым. Тағы бір айтарым, мектеп формасы дегеніміз зайырлық сипатта, классикалық үлгіде, бірыңғай түсті. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауда да мектеп формасының маңызы зор. Сондықтан мектеп формасы төңірегінде басқаша ой болуы мүмкін емес. Бірыңғай мектеп формасы ең алдымен оқушылардың арасындағы тәртіп мәселесін қалыптастыратыны да белгілі.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Алматыда оқушы орындарының тапшылығын төмендету үшін 2022 жылы 16 193 орынды 18 білім беру нысаны іске қосылған еді. Дегенмен, жыл санап қала тұрғындарының да, аумағының да көлемі ұлғайып келеді. Осыған орай, жаңа мектептер санының бой көтеруі әлі де арта беретін сыңайлы.



Осы жылы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша республикалық бюджет есебінен 37 мың оқушыға арналған 22 мектеп салу жоспарланған. Бұған қоса, жергілікті бюджет есебінен тағы да 5570 орынды 11 нысанды, оның ішінде 1500

орынды 1 мектеп («Қайрат» ы.а.), 920 орынды 4 қосымша құрылыс (№48, 148, 112, №9 МИ), 3150 орынды 6 жекеменшік мектептер ашымақшы. Осылайша 2026 жылға қарай оқушы орындарының тапшылығы жыл сайынғы өсімді ескере отырып, қажетті деңгейге дейін төмендейді.

Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап оқушылардың мектеп асханаларында тегін тамақпен қамтылғаны белгілі. Негізінен, бұл тізімге 1–4-сынып оқушылары мен әлеуметтік осал отбасынан шыққан 5–11-сынып оқушылары кіреді. Бұған дейін мұндай жеңілдік тек әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың бастауыш сынып оқушыларына ғана жасалған болатын.

ТАЛАПКЕР

СТУДЕНТ АТАНАР КҮН ЖАҚЫН 10 тамызға дейін грант иегерлерінің тізімі жарияланады

Биыл 94 мың талапкер білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш беріп отыр. Мәселен, өткен жылы талапкерлерден 80 мың өтініш қабылданған болатын.

Сонымен, талапкерлердің дені, яғни 38 мың жас студенттік шағын өткізу үшін Алматы қаласын таңдапты. Ал 18 мың жас елорданың оқу орындарын таңдаса, 6 мың жас Шымкент қаласының университеттерінде оқуға ниет білдіріп отыр. Биыл талапкерлердің ең көбі «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сияқты бағыттарды таңдап отыр.

Сондай-ақ, тіс дәрігері, дипломат, заңгер және мұғалім мамандығы бойынша бір гранттық орынға ең үлкен конкурс болады деп күтілуде. Бұл ретте гранттар тағайындау жөніндегі шешімді құрамына ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың өкілдері бар республикалық конкурстық комиссия қабылдайды. Жоғары оқу орындарына қабылдау 25 тамызда аяқталады.

СЫНАҚ

ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Жақында ғана мектеп бітіруші түлектер сынақ тапсырса, енді білімін одан әрі жалғастырушылардың додасы басталды. Биылғы магистратураға тапсырушылардың қарасы тым қалың. Мәселен, тестілеу басталғалы 23 мыңға жуық адам магистратураға түсу үшін емтихан тапсырып, олардың 43%-ы шекті балл жинады. Жалпы, орташа көрсеткіш – 73 балл. Ең жоғары балл – 130. Сонымен қатар, тестілеу басталғалы 149 қатысушының нәтижесі жойылды.

Жыл сайын ескертуге қарамастан, биыл да 92 оқуға түсуші смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өтуге тырысқаны үшін тест тапсыру мүмкіндігінен айырылып отыр. Сонымен қатар, кешенді тестілеу кезінде ереже бұзғаны үшін аудиториядан 57 адам шығарылып, олардың нәтижесі жойылды. Жалпы, Ұлттық бірыңғай тестілеудегі секілді кешенді тестілеуге кіргізу де үш деңгейлі жүйе бойынша жүзеге асырылады: Face ID жеке басын сәйкестендіру арқылы, жеке куәлік бойынша, сондай-ақ отырғызу орнында жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі. Биыл магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеуге 43 мыңға жуық өтініш келіп түссе, 13 мыңнан астам грант бөлінді. Магистратураға түсуге арналған кешенді тестілеу 22 шілдеде басталып, 10 тамызға дейін жалғасады.

Сондай-ақ, биыл магистратураға түсу ережесінде еш өзгеріс жоқ. Кешенді тестілеу үш блокпен тұрады: шет тілі бойынша тест, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест. Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар оқуға түсушілер шет тілі бойынша тесттен босатылады. Биыл шекті балл да өзгеріссіз қалып отыр. Мәселен, ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратураға түсу үшін 75 балл, бейіндік бағыт бойынша 50 балл жинау қажет.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



УСТЕЛ ТЕННИСИ

Пуна қаласында Үндістанның UTT–2023 үстел теннисі лигасының төртінші маусымы аяқталды, онда Goa Challengers спортшылары жеңімпаз атанды.

ЖАРЫСТЫ ТӘМAMДАДЫ

Ұлттық олимпиада комитетінің мәліметінше, бұл команданы Альваро Роблес, Хармит Десаи, Сутхасини Саветтабут, Рит Теннисон ұсынды. Олар Chennai Lions үшінші маусымының чемпиондарын 8:7 есебімен жеңді.

Қазақстан командасының көшбасшысы Кирилл Герасименко, Наталья Байор (Польша), Сунил Шетти (Үндістан), Моника Батра (Үндістан), Пойманти Байсва (Үндістан) Bengaluru Smashers атынан қатысты. Команда үш матчта жеңіске жетті, екі рет жеңіліп, 5-орынға ие болды.

Кириллдің жеке, аралас санаттағы көрсеткіштері келесідей: алты жеңіс пен төрт жеңіліс бар.

ХОККЕЙ

ЖЫЛ ЖЕҢІСТІ БОЛАДЫ

«Барыс» хоккей клубының бас бапкері Андрей Скабелка жаңа маусым басталар алдында команданың әлеуетін бағалады. Бұл туралы Ұлттық олимпиадалық комитет хабарлады.

Қазақстанда ең беделді хоккей клубы бар. Ол – Барыс. Тіпті, олардың жетістіктеріне әлем тамсанып келеді. Өйткені, бүкіләлемдік хоккей сериясы бойынша да алда тұр. Сондықтан олардың жетістіктен қол үзуге ешқандай негізі жоқ.

Біздің хоккейшілеріміз үнемі Ресей, АҚШ, Канада спортшыларымен иық тірестіріп жүр. Әрдайым ұтуға бейім. Соның арқасында «Барыс» хоккей клубын білмейтіндер аз.

Команданың бас бапкері өзінің алдағы ой-пікірлерімен бөліскен екен. Оның бағалауынша, алдағы көрсеткіштер жақсы нәтижеге итермелейді. Қанша дегенмен, өз құрамасының сыры өзіне аян екені айқын.

«Бізге команда құру тұжырымдамасы өзгерді. Өткен жылы бәрі ойдағыдай болған жоқ. Біз биыл мықтырақ болатынымызға сенімдімін. Командаға келген жігіттердің барлығы дерлік көшбасшылар. Менің ойымша, олар біздің жас жігіттерімізге жақсы үлгі болады. Оларға оқу және ілгерілеу үшін бұл тәжірибе ауадай қажет», – деп түйді Андрей Скабелка.

Ендігі кезекте тек дайындықты күшейте түсу қажет. Маусым басталғанда ешкімге дес бермеу қажет. Бұл отандық спорт сарапшыларының пікірі.

СЕМСЕРЛЕСУ

Осы жылғы 22–30 шілде аралығында Миланда семсерлесуден әлем чемпионаты өткен еді. Бұл сайысқа әлемнің әр елінен ең мықтылар жеңілді. Олар өзара алтын, күміс, қоланы сарапқа салды.

ҚОЛА АЛДЫ

155 елден келген мыңнан астам спортшы Италия астанасында сынға түсті, деп хабарлайды Polisia.kz.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының спорт командасының нұсқаушысы, ефрейтор Руслан Құрбанов семсерлесу бойынша қола жүлдеге ие болды. Ефрейтор Құрбанов ширек финалда сайыс қожайыны Валерио Куомодан 15:12 есебімен басым түсті. Өкінішке орай, финалға шығу үшін өткен жекпе-жекте қазақстандық спортшы Венгрия елінің өкілі Томаш Кохтан 11:15 есебімен жеңіліп қалды. Соған қарамастан ол әлем біріншілігінің жүлдесін жеңіп алған еліміздің алғашқы өкілі атанды.

«Мұны сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Бұған әлі де сене алар емеспін. Мен бұл спортпен 20 жылдан бері шұғылданамын. Алдыңғы екі әлем чемпионатында медаль иеленуге бір қадам жетпей қалып едім. Міне, ақыры қола жүлде иелендім. Бұл мен үшін ғана емес, бүкіл ел үшін алғашқы медаль болғаны мені екі есе қуанышқа бөледі», – деді әсерімен бөліскен ұландық.

УНИВЕРСИАДА

БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕ

Мықты спортшылардың аты дүркірей түсті

Қытайдың Чэнду қаласында XXXI Жазғы универсиаданың үшінші жарыс күні аяқталды. Біздің спортшылар тәп-тәуір нәтиже көрсетіп келеді.

Төрткүл дүние көз тіккен байрақты бәсеке баршаны таңдандырып барады. Мықты спортшылардың аты дүркірей түсті. Командалық есепте алға шыққандар бар. Медальдар кестесінде Қазақстан 10-орынға көтерілді. ҚазАқпараттың хабарлауынша, қазір ел құрамасы еншісінде 11 медаль бар. Медальдар кестесінде қазақстандық спортшылар 14-орыннан 10-орынға көтерілді. Үздік үштік төмендегідей.

ДӘЛІРЕК:

Бірінші орында – Қытай 28 (17-6-5) медальмен көш бастап тұр.

Екінші орында – Оңтүстік Корея 28 (13-10-5) күшелеп келеді.

Үшінші орында – Жапония, 25 (11-7-7) медалі бар. Жазғы универсиаданың үшінші жарыс күнінде Қазақстан құрамасы 6 медаль алды. Атап айтқанда,

АРБАДАҒЫ ТЕННИС

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан теннис федерациясының мәліметінше, Елордада арбадағы теннистен ел чемпионатының жеңімпаз-жүлдегерлері анықталды. Сөйтіп, оқ бойы озық шыққандар белгілі болды.

Жарысқа Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе, Ақтау және Орал қалаларынан 30-дан астам спортшы қатысып, бақ сынады. Қазақстан теннис федерациясы инклюзивтік даму департаментінің кураторы Сергей Селивановтың сөзіне қарағанда, екінші рет ұйымдастырылған ел чемпионаты жақсы өтті. Жеңімпаз-жүлдегерлер ескерткіш және ақшалай сыйлықтармен, диплом, медальдармен марапатталды.

«Арбадағы теннис Қазақстанда қауырт дамып келеді. 2027 жылға қарай спортшыларымыз Параазия, ал 2028 жылы Паралимпиадалық ойындарға қатысады деп сенемін», – деді С.Селиванов.

БОКС

МАЙВЕЗЕРМЕН ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

Кәсіпқой бокс кеші қызғалы тұр. Тағы бір отандасымыздың жұлдызы жарқырай түсетін сияқты. Әйгілі боксшы қазақ бокс стилінің жарқын көрінісін бастан өткермек.

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Жанқош Тұраров (27-0, 20КО) әлеуметтік желіде жазба жариялады. Онда бұрынғы әлем чемпионы кіші Флойд Мейвезермен кездесуі туралы айтты.

Жанқоштың айтуынша, ол Флойдты Лас-Вегастағы бокс залында кездестірген. Осылайша оны спаррингке шақырады.

«Әлемнің ең бай боксерімен бүгін жолықтық, келесі апта спаррингке шақырды. Бұрынғы түскен фотоны көрсетіп едім, есімде дейді, ризамын Флойдқа», – деп жазды Тұраров Instagram парақшасында.

Еске салайық, Жанқош Тұраров АҚШ-тың Лас-Вегасында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жүр. Осы жылдың наурыз айында ол мексикалық Алехандро Менесесті жеңіп, IBO тұжырымы бойынша жартылай орта салмақта чемпион болған.

Бетгі әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



таэквондошы Рита Бакишева (48 келі) дүниежүзілік доданың жеңіс тұғырына көтерілген болатын.

Ал Диана Тұрсынбек садақ атуда екінші орыннан көрінді. Көркем гимнастикадан Елжан Таниева екі күміс (доп пен лентамен өнер көрсету), бір қола (құрсаумен сайыс) алды. Ел құрамасынан винтовкамен 10 метр қашықтықта оқ ату сайысында Константин Малиновский, Ислам Сәтпаев және Никита Шахторин қола жүлде иеленді.

ВЕЛОСПОРТ

«Сиань–Алматы» достық велошеруіне қатысушылар сейсенбі күні Сиань қаласынан (Шэньси провинциясы) шықты.

ВЕЛОШАБАНДОЗДАР КЕЛДІ

ҚХР аумағындағы ежелгі Жібек жолы арқылы өтетін шеруге Қытайдан 30 велошабандоз қатысуда. Қазақстан аумағына өткенде оларға қазақстандық спортшылар да қосылады.

«Сиань–Алматы» достық велошеруіне қатысушылар 4 мың шақырым қашықтықты жүріп өтеді. Қытай аумағында бұл бағыт Шэньси (Сиань, Саньян, Баоцзи), Ганьсу (Ланьчжоу, Дуньхуан) және Шыңжаң (Хами, Турфан, Үрімші, Қорғас) провинциялары арқылы өтеді. Қазақстан аумағында велошеруге қазақстандық спортшылар қосылып, қатысушылар 2023 жылдың 7 қыркүйегінде халықаралық көпкүндік велотурды Алматыда аяқтайды.





МӘМС



«АҢСАҒАН СӘБИ»

талай отбасына қуаныш
сыйлауда

Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Аңсаған сәби» бағдарламасын іске асыру басталғаннан бері 2022-2023 жылдары ЭҚҰ 19 000-нан астам әйелге жүргізілді, 7000-нан астам әйел құрсақ көтерді, 3800 отбасында 4500-ден астам нәресте дүниеге келді. Ал 2500 жүкті әйел нәрестелі болу бақытын күтуде.

Биыл 2023 жылға өңірлер бөлінісінде барлық 7000 квота бөлінді, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Қазақстанда бедеуліктен зардап шегетін пациенттердің міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде экстракорпоралдық ұрықтандыру арқылы медициналық көмек алу құқығы заңнамалық түрде бекітілген. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық ұйымдар бөлінісінде ЭҚҰ қызметтерінің көлемін орналастырды. МӘМС шеңберінде мемлекеттік қызметті 19 клиника (оның ішінде 3 мемлекеттік, 16 жеке) ұсынады. Ай сайын орындалған бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жүргізеді.

«Аңсаған сәби» бағдарламасының іс-шаралары «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ана мен бала денсаулығын сақтау жөніндегі тұжырымдаманың жобасында көзделген. Мұның бәрі МӘМС жүйесінде 2030 жылға дейін жыл сайын дайындалған ЭҚҰ пациенттерінің барынша көп санын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

БРИФИНГ

ҚОЛ ДА, ТАМАҚ ТА ТАЗА БОЛҒАЙ

Сонда ішек ауруларына шалдықпаймыз

Ішек инфекциясымен байланысты аурулар жазда күшейе түседі. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте И.Жәкенова атындағы Алматы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының бөлімше меңгерушісі, жоғары санатты инфекционист-дәрігер Мәэрим Евсеева ішек ауруларының алдын алу жөнінде айтып берді.



Дәрігердің мәліметінше, сәуір айынан бастап қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасына ішек инфекциясы белгілері бар бір жарым мыңға жуық адам жүгінген, оның 854-і ауруханаға жатқызылған.

«Бүгінде жер шарында жіті ішек инфекциясы ауруларын жұқтыру екінші орында тұр. Республикалық санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің дерегіне сүйенсек, биыл елімізде жіті ішек инфекциясымен сырқаттану 36,7 пайызға өскен. Бұл жағдай жұртшылық арасында гигиеналық дағдының бұзылуымен де байланысты. Әсіресе, жазда ішек инфекциясы қоздырғышының көбеюіне, атап айтқанда, су, тамақ, қолдың ластығы себеп болады», – деді Мәэрим Евсеева.

Дәрігер шетелде демалу кезінде тек бөтелкедегі суды пайдаланып, қолды үнемі жууға, экзотикалық жеміс-жидекті жақсылап өңдеп, тазалап жеуге кеңес береді. Өйткені, тырысқақтың барлық тіркелген түрі өзге елдерден келгені мәлім. Аса қауіпті инфекциямен сырқаттану 30 елде тіркелген, бұл тізімде Үндістан, Түркия, Қытай, Филиппин бар.

Сарапшы табиғат аясына барарда үйде

барлық көкөніс пен жемісті алдын ала жуып, тез бұзылатын өнімді тоназытқыш сөмкеде сақтау керек дейді. Ылғал майлық пен санитариялық міндетті түрде машинаның жүксалғышында болуға тиіс. Су айдынына шомылу кезінде суды жұтып қоймаған дұрыс. «Құсу, іш өту, сондай-ақ әлсіздік сияқты аурудың алғашқы белгісі пайда болған кезде дәрігермен кеңесу керек, өзін-өзі емдеп, дәрі-дәрмекті өз бетінше пайдалануға болмайды», – дейді инфекционист-дәрігер.

«Егер сізде аурудың жеңіл симптомы болса, онда сіз өзіңізге үйде-ақ көмектесе аласыз. Мысалы, «резидрон» ұнтағын сұйылтып, ағзадағы тұздың орнын толтыру үшін оны күні бойы кішкене мөлшерде ішіңіз. «Смекта» да көмектесе алады. Бұл препарат ішектің шырышты қабығын дезинфекциялап, жабады. Ешбір жағдайда ауырсынуды басатын дәріні қабылдап, ішті жсылытуға не ауырсынуға төзуге болмайды. Дәрігерге көрінген абзал, өйткені ішек инфекциясы мидың ісінуі, бүйрек не бауыр жеткіліксіздігіне, сондай-ақ ағзаның аса сусыздануына әкелуі мүмкін», – деп сөзін қорытындылады дәрігер Мәэрим Болатқызы.

Аралбай ТЕНІЗБАЕВ.

ДӘРУГЕР

ОМЫРАУ СҮТІ

сәбиге ғана емес, анаға да өте пайдалы

Дәрігерлер бала емізу ананың денсаулығын жақсартатынын қайталап айтудан жалықпайды. Емізу сүт безі обыры, аналық без обыры және остеопороз қаупін табиғи түрде азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, әйелдің босанғаннан кейін тез қалпына келуіне ықпалы зор.

Омырау сүтімен емізу әйелдің эстроген гармонының деңгейін төмендетеді. Бұл сүт безі мен аналық без обырының даму қаупін азайтады. Сүйектерді нығайтуға және болашақта остеопороз қаупін азайтуға көмектеседі. Емізулі баласы бар әйелдерде 2 типті қант диабетінің даму қаупі төмендейді. Нәрестені омырау сүтімен емізсе, әйел босанғаннан кейін тезірек қалпына келеді, себебі бұл процес жатырдың жиырылуын тездетеді және қан кетуді азайтады. Сонымен қатар, ана емізіп отырып сәбиімен арада үлкен байланысты сезінетіндіктен, оның психологиялық жағдайы да жақсарады, жүйке жүйесі қалыпты болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) ұсынымдарына сәйкес, өмірінің алғашқы 6 айында нәрестелер үшін тамақтанудың жалғыз көзі – табиғи омырау сүтін беру, яғни емізу. Осы кезеңнен кейін, мүмкіндігінше және анаға да, балаға да қажет болса, 2 жасқа немесе одан да көп жасқа дейін қосымша тағамдармен бірге емізуді жалғастыра берген дұрыс дейді мамандар.

Бала емізу әйелдің өзі үшін де аса маңызды. Өйткені, жүктілік кезінде оның ағзасы көптеген ай бойы бұл процеске дайындалады. Иә, жүктілік кезінде әйелдің ағзасы баланы тамақтандыруға дайындалады. Сүт бездері мен сүт түтіктерінің өсуі мен дамуын ынталандыратын гормондарды өндіре бастайды. Нәрестеге жеткілікті сүт болуы үшін әйел ағзасында қан мен судың көлемі ұлғаяды.

Рас, кейбір аналар бала емізуден бас тартып, сәбиін құрғақ сүтпен тамақтандырып жатады. Әйелдердің емізуден бас тартуының көптеген себебі бар дейді дәрігерлер. Мысалы, ана немесе бала сырқаттанып қалуы мүмкін, лактация проблемалары немесе емшек сүті арқылы жұғатын аурулар да себеп болып жатады. Одан бөлек, әлеуметтік немесе психологиялық факторлар да әйел-анаға әсер етуі мүмкін. Мысалы, балалы әйелге отбасы немесе өзге де жақындарынан қолдау болмауы, қоғамдық орындарда емізу кезінде туындайтын қолайсыздық,



МАМАН ПІКІРІ

Әсел НАРТПАЕВА,
қалалық №30 емхананың дәрігері:

АНА СҮТІ ДӘРҮМЕНДЕРГЕ БАЙ

Лактацияны тоқтататын дәрілер ана мен баланың денсаулығына қауіпті. Олар басты ауыртып, жүректі айнытып, құстыруы, диарея, аллергиялық реакциялар, тіпті жүрек проблемалары сияқты елеулі жанама әсерлерді тудыруы мүмкін. Сондықтан егер әйелге бала емізуді тоқтату қажет болса, маманға хабарласып, қауіпсіз әдістер туралы кеңес алған дұрыс. Омырау сүтін ішпеген баланың денсаулығына бұл жағдай кері әсер етуі мүмкін. Емшек сүті – жаңа туған нәресте үшін тамаша тағам. Оның құрамында нәрестенің өсуі мен дамуына қажетті барлық қоректік заттар, дәрумендер мен минералдар бар. Ана сүтінде нәрестені жұқпалы аурулар мен инфекциялардан қорғайтын антиденелер де бар екенін ұмытпайық.

әйелдің көп ұзамай жұмысқа шығып кетуі, т.б. Әрбір әйелдің бұл мәселеде өз тандауын жасауға құқығы бар екенін және оның шешімін құрметтеп, қолдау қажет екенін есте ұстаған жөн. Дегенмен, қадам жасамас бұрын, қарсы көрсеткіштер ықтималдығын ескеру қажет.

ПАЦИЕНТ

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының травматолог-ортопедтері жамбас сүйегі сынған 90 жастағы кейуанаға жамбас буынын эндопротездеу отасын сәтті жасап шықты.

90 ЖАСТАҒЫ КЕЙУАНА
алғысы шексіз

Жасы келген науқасқа бұл ота оңайға соққан жоқ. Тамара Григорьевна аурухананың қабылдау бөліміне «Жедел жәрдем» бригадасымен шұғыл түрде жеткізілген. Пациентке оң сан сүйегі мойын бөлігінің фрагменттерінің ығысуымен жабық базальды сынық диагнозы қойылды.

Науқастың жасы мен жағдайын ескере отырып, қосымша тексеру және алдын ала дайындықтан кейін мүмкіндігінше тез әрекет ету қажет болды. Сондықтан науқас дереу хирургиялық емдеуге жіберілді.

«Оң жамбас буынын биполярлы цементтік эндопротездеу» отасын №2 травматология және ортопедия бөлімшесінің мамандары жасады. Операция 30 минутқа созылды.

– Мұндай жағдайда науқастың мүмкіндігінше аз жатқаны маңызды. Себебі, жасы ұлғайған, көптеген созылмалы аурулар жиналып қалады, оның үстіне жазылуы баяу инфекциялар қосылады. Сондықтан мұндай науқастар үшін эндопротездеу өте маңызды, – деп атап өтті бөлімше меңгерушісі Медет Жанысов.

Егде жастағы пациенттер үшін толық протездеу қауіпті, ал остеосинтездің пайдасы жоқ. Жамбасты биполярлы эндопротездеу негізінен әлсіреген және



қарт кісілерге арналған. Биполярлы эндопротездеу пациентті толыққанды, белсенді өмірге мүмкіндігінше аз уақыт ішінде және мейлінше ауырсынусыз қайтару үшін қолданылады.

Операция жасалған соң Тамара Григорьевна үш күннен кейін орнынан тұрып, палатада жүре бастады. Ауруханадан 9-шы күні шығарылған кезде ол бөлім дәлізімен жүріс арбасымен өз бетінше қозғалды. Дәрігерлер бәрі жақсы болатынына сенімді. Әжей аурухана дәрігерлері мен медбикелеріне алғыс айтуды да ұмытпады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



КИНОКЕҢІСТІК



ӘЖЕСІНІҢ баласы

өмірін кинода баяндайды

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген режиссер-дебютант Асхат Кучинчирековтың «Бауырына салу» фильмі Испаниядағы 71-ші Сан-Себастьян халықаралық кинофестивалінің «Жаңа режиссерлер» байқауының бағдарламасына енді.

Бұл туралы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының баспасөз қызметі хабарлады.

«Баск елінің» бұл фестивалі «А» класындағы ең көне кинофестивальдердің бірі және Еуропадағы Канн, Берлин, Венециядан кейінгі төртінші маңызды және испан тілінде сөйлейтін әлемдегі ең маңызды фестиваль болып саналады. Фестиваль бүкіл әлем бойынша көрнекті таланттарды іздеумен және жыл сайын жаңа есімдерді ашумен танымал.

«Бауырына салу» картинасы қазақтың байырғы дәстүрі бойынша әжесінің тәрбиесіндегі баланың өмірін баяндайды. Әжесі өмірден озғаннан кейін ол ата-анасына оралып, жаңа ортада бейтаныс адамдармен қарым-қатынас орнатуы керек. Фильмнің сценарийін жазған Асхат Кучинчирековтың айтуынша, бұл картина қазақ халқының салт-дәстүріне деген құрмет.

«Бұл өте жеке оқиға. Мен әжемнің қолында өстім. Бірақ бұл жерде ең бастысы – ата-анамен қарым-қатынас. Әжесімен бірге өскен балалардың бәрі ешқашан ата-анасын «әке», «ана» деп атамайды. Неліктен? Балалар тастап кеткеніне ренжиді. Фильмнің драмасы сол, ескі отбасынан айырылған

кейіпкер әлі де жаңасын таба алады», – дейді режиссер.

Ал фильмнің продюсері Анна Качко: «Асхат Кучинчиреков отбасындағы, ең алдымен, әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың күшті оқиғасын өте тамаша түсірген, «Бауырына салу» дәстүрі Орталық Азия аймағында болғанына қарамастан, бүкіл әлем бойынша түсінікті және көрерменге жақын болып шықты. Мұның жарқын дәлелі – Сан-Себастьян фестиваліне қатысу», – деді.

Көпшілікке Сергей Дворцевойдың «Қызғалдақ» («Тюльпан») фильміндегі басты ролі арқылы танылған Асхат Кучинчиреков (2008 жылы Канн кинофестивалінде «Ерекше көзқарас» байқауының бас жүлдесінің иегері) өзінің дебюттік фильмін үш жыл бойы жасаған. Түсірілім Алматы облысындағы Құйған және Тұйық ауылдарында өткен. Қоюшы-оператор Жанарбек Елеубек. Басты рөлді жаңа актер Ерсұлтан Ерманов сомдады.

71-ші Сан-Себастьян халықаралық кинофестивалі 2023 жылдың 22–30 қыркүйегінде өтеді. Фестиваль сонымен қатар, бүкіл әлем бойынша фильмдерді одан әрі ілгерілету және сату үшін кино мамандарын біріктіретін жыл сайынғы ірі кинобизнес алаңына айналмақ.



ОЙТАМШЫ

БАҚЫТТЫ БОЛ, АЙНАЛАЙЫН!

Висконсин қаласында (АҚШ) 1871 жылы 2 миллиардтай ағашы бар орман түтел өртке оранады. 1200-ден астам тұрғын осы тілсіз жаудан көз жұмады. Ал бұл алапат өртке түтінін будақтатып рельс үстімен жүйткіп бара жатқан пойыздан ұшқан титтей ұшқын себеп болған көрінеді. Демек, тұтасқан қалың орманды өртеу үшін кішкентай шоқтың өзі де жетіп жатыр. Тіл де – от. Ол да әлгі ұшқын сияқты адамға залал тигізуі мүмкін.



ОҚИҒА

Әрине, бұл өзгеге кесірім тиіп кетпесін деп мүлдем сөйлемей қою керек деген сөз емес. Мәселен, өрт шығып кетуі мүмкін деп оттан мүлдем бас тартпаймыз, оны барынша абайлап қолданып, күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге жаратуға тырысамыз. Сөз де сол сияқты, ол біздің күнделікті қарым-қатынас құралымыз. Бірақ абайлап қолдану керек екен. Неге?

Мынадай бір болған оқиғаны естіп, таңқалдым. Екі жастың арасында үлкен сүйіспеншілік орнайды. Шаңырақ көтереміз деп сөз байласып, болашаққа жоспар құра бастайды. «Үлкен бизнесіміз болады, кәсібімізді дөңгелетеміз. Ата-аналарымыз да, бала-шағамыз да не ішем, не кием демейді, баршылықта өмір сүретін болады. Шетелдің бәрін аралаймыз. Бізден асқан бақытты жан болмайды. Ал бірақ кімнің алдына кім шығып көрді дейсің, өмір болған соң түрлі жағдай болып жатады, сонда екеуміз ажырасып кетіп жатсақ, ұл бала – менде, қыз бала сенде қалсын», – дейді жігіт. Махаббат құшағындағы екеуі айтылған сөзге тереңінен мән беріп жатпады. Екеуі көп ұзамай отбасын құрады. Қалыңдық арманындағы аппақ көйлегін киіп, үйлену тойы өтеді. Жігіттің қаланың қақ ортасында үш бөлмелі пәтері бар, сонда тұра бастайды. Бақытты күндер жалғасып жатады. Жігіттің бизнесі өрге домалайды. Сондықтан жолсапары да көп. Арада 11 жыл өткенде басқа біреуді кезіктіріп, сүйіп қалғанын айтады. Екеуі ың-шыңсыз ажырасады. Кішкентай қызы анасын, ал есі кіріп қалған ұл әкені таңдайды. Міне, қарапайым ғана оқиғаның желісі осы.

СӨЗ

Иә, сөздің қуаты бар. Адам ойы Күн сәулесінің таралу жылдамдығынан да шапшаң. Яғни ғарыштық жылдамдық десек те болатын шығар. Сондай алапат жылдамдықпен жылт ете қалған ой лезде сөзге айналады, сөз дыбыс болып ауа кеңістігіне таралады, кеңістік арқылы ғарышқа кетеді. Сөздің энергетикасы ғарыштан адамның үшінші көзі арқылы өзіне оралады. Сөйтіп, сөз адам тағдырын түзеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп қазақ тегін айтқан ба?! Демек, ырыстың бүтін, өмірдің бақытты болуы айтылған жақсы сөзге әбден байланысты. Ал жақсы сөз қашан да жанды жадыратады. Алға жетелейді. Қанаттандырады.

АРМАН

Қарапайым гүлге жарық пен су қалай қажет болса, адамға да мақтау сөздер солай қажет. Әсіресе, жас өскінді – балаларды қанаттандырып дұрыс. Олардың болмашы ғана қадамдарының өзін мақтап, қолпаштап отырсақ, мақтау сөздер олардың бойына батылдық, сенім дарытып, алға ұмтылдыра түспек. Шыны керек, оған керісінше, «Өй, сенен не

шыға қояр дейсің», «Адам болмайсың сен мына жүрісіңмен!» дейтін ата-аналарды да көз көріп жүр. Адамның жүрегі неге толы болса, аузы соны айтады екен. Демек, аузымыздан орынды сөздің шығу-шықпауы жүрегімізге байланысты. Жүрегіміз сүйіспеншілік пен жанашырлыққа толы болса, сөзіміз де жанға жайлы, құлаққа жағымды болып, өзгелерге дем береді.

Айтпақшы, жақсы сөз сөйлеуді баладан да үйренуге болатын сияқты. Кішкентай қызым бірде «Менде аға пайда болып, тұрмысқа шықсам, егіз баламыз болады, екі қыз. Одан кейін тағы егіз болады, бір ұл, бір қыз. Сосын бір бөпе туамын. Сонда бәрі 5 бала болады. Бізде көп бала болады», – дейді. «Неге егіз бәрі?», – деп сұраймыз ғой бәріміз ортаға алып, әрі баланың ойын, тілін қызық көріп. «Енді менің анам өмірде егіз ғой, демек, менде де егіз болуы мүмкін. Егіздерді бірдей етіп киіндіріп қоямын. Шаштарына да бірдей ободок тағамын», – деп қиялдап кетті сосын. Қызымның арманына жететініне сенеміз. Себебі, ол өте жақсы сөз айтып отыр.

МЕЙІРБАН

Жалпы, медицина ғылымы әлі дами қоймаған заманда халық ем-дауаны дұғала мен жақсы тілек-сөздерден тапқан деседі. Ал әдепсіз, балағат сөздерді қарғыс деп есептеген. Бүгінде сол балағат сөздердің зияндығы ғылыми түрде дәлелденіп отыр. Бұл жөнінде соңғы уақыттары жиі айтылып жүр. Біз де айтсақ, артық болмас.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, адам балағат сөздер айтқан кезде жағымсыз энергияны өзі ғана қабылдап қоймай, жанындағы адамдарға, жан-жануарларға, тіпті, су мен тағам, өсімдіктерге де таратады екен. Мәселен, ғалымдар жағымсыз мағынаға ие сөздердің радиация әсері секілді адам генінің мутацияға ұшырауына себепкер болатынын, ал ол өз кезегінде ағзаның қартаю процесін жылдамдатып, түрлі жан және тән ауруларының пайда болуына ықпал ететінін анықтаған. Ал жылы, мақтау, мейірбан сөздер, тіпті, әдемі өлең-жырлардың өзі көптеген кеселді емдеп, ағзаның қартаю процесін тежейді екен.

ҚҮДІРЕТ

№65 автобуста әдемі бойжеткен маған орын берді. Ұсынған орнына отырып жатып: – Бақытты бол! – дедім. Әдеттегі, күнде айтып жүрген «рахметіміздің» орнына айтқаным. Тосыннан айтқан «бақытты болым» әлгі әдепті қызды қуантып тастағанын байқадым, жанары жадырап сала берді. Сол үшін өзім де биіктеп қалдым. Жұмысқа көңілді келдім және күні бойғы жұмыстарымның бәрі сәтімен жүрді. Міне, бір сөздің құдіреті! Сол бір ауыз сөздің қуаты адамның ағзасына терең еніп, жасушаларға дәл солай әсер етіп, өмір жасын ұзартары анық. Ендеше, жақсы ойлап, тек қана жақсы сөз сөйлеп жүрейік, достар!

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

JANA FEST ALMATY

Өтетін орны:
Б.Шолақ атындағы
Спорт сарайы (Абай
даңғылы, 44-үй).
Күні мен уақыты:
4 тамыз, сағат 19.00.
Жас санаты: 12+.



«ТӘТТІ ТАҒАМДАР ФЕСТИВАЛІ»

Өтетін орны:
М.Горький атындағы мәдениет
және демалыс саябағы (Гоголь
көшесі, 1-үй).
Күні мен уақыты:
5 тамыз, сағат 12.00.
Жас санаты:
18 жасқа дейінгі балалар ата-
анасымен болғаны дұрыс.



«ОБОРОТНИ БАЙКОНУРА»

Өтетін орны:
BUNKER art-баспана
(Досмұхамедов көшесі, 78 А).
Күні мен уақыты:
5 тамыз, сағат 20.00.
Жас санаты: 18+.



БАЙҚАУ

ЖАС ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІ

ЮНЕСКО жинағына енді

Мегаполистегі халық ең көп шоғырланған Алатау ауданының құрылғанына – 15 жыл және «Ұлытау» өнер мектебінің ашылғанына 5 жыл толуына орай балалар мен жасөспірімдер арасында сурет байқауы өтті.

Шығармашылық байқаулардан қалмай қатысатын жас қылқалам шеберлері «Ұлытаулық» балалар арасында көптеп саналады. Қос мерейтой құрметіне өткізілген «Менің ауданымын болашағы» атты сурет байқауына аталған өнер мектебінен 100-ге тарта шығарма қатысып, бәрі де көрме төрінен орын алды.

Көрме шымылдығын ашқан «Ұлытау» өнер мектебінің директоры А.Оразова жас ұрпаққа қолдау көрсетуден танбай келе жатқан аудан әкімдігі мен ата-аналарға алғысын білдірді.

– Алдымызда жас құрақтай жайқалып өсіп келе жатқан әр бала, шәкірт бір-біріне ұқсамайтын дарын иесі. Оны сіздер балалардың қолынан шыққан суреттер әлемінен көріп, көз жеткізіп отырсыздар. Аз ғана уақыт ішінде мектебіміздің талантты көптеген ұл-қызы ЮНЕСКО ұйымдастырған арнайы сурет байқауының жеңімпазы атанып, салған суреттері мен есімдері әлемдік деңгейдегі жинаққа енді. Мен сурет салуға құштар, жүрегі нәзік балаларыма алдағы уақытта да толағай табыстар тілеймін, – деді ол.

Аталған шығармашылық көрмесі еңселі де көзартар «Алматы Арена» қалашығында өткенінің өзі дарынды жастарға шабыт сыйлағаны анық. «Ұлытау» өнер мектебінің өрендері айтулы мерекеге тыңғылықты дайындалғанын көрмеден-ақ байқауға болады. Ата-аналар да, балалар да отбасы, бақыт, махаббат, табиғат, туған жер, балалық шақ сынды тақырыптарды



Суретте: 1-орын иегері Балерке Қадырова.

кылқаламмен сөйлете білген мың бояулы суреттерді қызыға тамашалады.

Бас бәйгені Дана Нұрлан, Карима Аманова, Дидар Тотыбаев, Эвилена Дериземля жеңіп алды. Одан кейінгі орындар жас ерекшеліктеріне қарай – Анастасия Шангина, Оля Гилева, Гауһар Әбдікәрім, Кәусар Маратқызы, Аруел Хамелден, Жанель Марат, Назерке Сералиева, Іңкәр Кемелбай, Балерке Қадырова, Томирис Алахунова, Санжар Қарызбек, Дамир Жолдығожинов атты балаларға бұйырды. Бәрі де арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

Көрме аясында балалар саз балшықтан құмыра жасау әдісімен танысты. Сурет байқауын өнер мектебінің курстарына қатысып жүрген оқушылардың өздері әнмен әрлеп, бимен көмкерді. «Алан event» акробаттары да мерекенің көрігін қыздырды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айгүл ЕСЕНҒАЛИЕВА,
ата-ана:

ҚАНАТЫН КЕҢГЕ ЖАЯ БЕРСІН

Менің қызым Эзозаның «Ұлытау» өнер мектебіне келіп жүргеніне үшінші жыл. Қуана-қуана келіп жүр. Біз де оның бос уақытын тиімді өткізіп жүргеніне ризамыз. Жалпы, өнерге жақын бала мейірімді, қайырымды болады деп білемін. Біздің балаларымыздың бойындағы дарынын ашып, ынта-ықыласын оятып, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасап отырған ұжымға алғысымыз шексіз. Өнер мектебі қанатын кеңге жая берсін деп тілеймін.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



TIGER SUMMER FEST 2023

Өтетін орны:
OFFTOP CLUB Almaty
(С.Нұрмағамбетов көшесі,
232-үй).
Күні мен уақыты: 5 тамыз,
сағат 14.00.
Жас санаты: 18+.

ALMATY CIRCUS FESTIVAL



Өтетін орны:
Қазақ мемлекеттік
цирки (Абай
даңғылы, 50-үй).
Күні мен уақыты:
6 тамыз, сағат 16.00.
Жас санаты: 0+.



«ЕРТЕ-ЕРТЕ-ЕРТЕДЕ...»

Өтетін орны:
2act альянс-театры
(«Самал-3», 1-үй, «Ритц-
палас» ОСО).
Күні мен уақыты:
6 тамыз, сағат 18.00.
Жас санаты: 6+.

Айқара бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ДҮЙСЕНБІ
7 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
6.45 Мультфильмы
7.45 Жаңалықтар/
Новости
8.00 Таңғы студия
(каз)
9.00 Алматы со вкусом
9.15 Мультфильмы
11.20 Мультфильм.
«Тапқыр баланың
хикаялары»
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Тұсаукесер!
Телехикая.
«Махаббат
деген...»
15.00 Күндізгі
жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Жаңа маусым!
«Алматы ән
қанатында»
16.00 Женский
киноклуб
18.00 Мужской
киноклуб
19.00 Қорытынды
жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер!
Телехикая.
«Махаббат деген...»
21.00 Телехикая.
«Сен үшін»
22.00 Мужской
киноклуб
0.00 Телехикая. «Отыздан
асып барамын»
1.00 Қорытынды
жаңалықтар/
Итоговые новости
2.00 Шешімі бар
2.45 Өмір иірімі
3.25 Дала сазы
3.50 Алматы – тұнған
тарих
4.15 Алматинские
истории
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Өмір көркем»
7.00 «Күй-керуен»
7.35 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
8.15 Мультфильмдер
(«Қазақфильм»)
9.00 «Көңіл толқыны»
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жазықсыз жүрек».
Телехикая.
12.00 «Күйеу бала-2».
Телехикая.
(с субтитрами)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Ауылдастар»
13.40 «Қызық екен...»
14.40 «Күміс көмей»
15.40 «Қазыналы Каспий».
Деректі фильм
16.15 «Анашым, мені
қалдырма». Телехикая.
(с субтитрами)
17.15 ТҰСАУКЕСЕР!
«ДЖУНГЛИ КІТАБЫ».
Мультхикая. (Үндістан,
Германия, Франция,
2019 ж.)
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «Ақжауын-2».
Телехикая.
(с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.25 «Жүзден жүйрік».
Интеллектуалды ойын-
сауықтық жоба
0.30 AQPAPAT
1.05 «Сана»
2.05 «Анашым, мені
қалдырма».
Телехикая.
(с субтитрами)
2.50 «Ауылдастар»
3.20 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 Телехикая.
«Шайқалған шаңырақ»
08.00 Концерт.
«Ана қадірі»
Еркін Нұржанов
10.00 «Бақыттың кілті
еңбекте»
10.30 Мультсериал.
«Барбоскины»
12.00 Телехикая.
«Мелек 2»
14.00 Телехикая.
«Пәленшеевтер 3»
15.00 «Асыл қазына»
16.00 Мегахит.
«Город банд»
18.00 Новости
18.20 Қорытынды жаңалықтар
18.40 Телехикая.
«Армандастар»
20.00 Телехикая. «Мелек 2»
21.45 Телехикая.
«Соңғы үміт»
23.00 Телесериал.
«Беглянка 2»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 Ризамын
08.00 «Күліп ALL»
09.00 «Жапырақтар
төгілгенде» түрік
телехикаясы
(қайталау)
10.00 «Құнсыз келін»
үнді телехикаясы
11.00 Мультсериал
«Команда «Мстители»
12.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
13.20 Анимационный фильм
«Сезон охоты-3»
(повтор)
15.10 КИНО. Джет Ли в
боевике «Поцелуй
дракона» (повтор)
17.20 КИНО. Харрисон Форд
в приключенческом
боевике «Индиана
Джонс. В поисках
утраченного ковчега»
20.00 Информбюро
(рус/каз)
21.00 «Әке...Сіз...»
телехикаясы
21.40 КИНО. Шайа ЛаБаф в
триллере «Паранойя»
00.00 «Жапырақтар
төгілгенде»
түрік телехикаясы
00.50 «Анулама»
үнді телехикаясы
01.40 «31 әзіл»
03.00 What's up?
03.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТАМАША CITY»
бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
10.00 «ТЫ ТОЛЬКО МОЙ».
Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера.
Михаил Тарабукин в
многосерийном фильме
«БЕЗ ПРИКРЫТИЯ»

0.10 Дмитрий Марьянов,
Нонна Гришаева
в многосерийном
фильме «ЛИЧНАЯ
ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ
САВЕЛЬЕВА»
1.15 Ночной кинотеатр.
«ПРЕДЕЛ ЖЕЛАНЬИ»
2.20 «НОВОСТИ»
2.25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KOREMIZ»
бағдарламасы
3.20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.45 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.30



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30 Т/п «Айна Online»
08.00 Т/с «Семейные узы»
09.00 Т/с «Смерть в
объективе»
11.00 Т/с «Провинциал»
13.00 Т/х «Пәленшеевтер»
14.00 Т/х «О, махаббат!»
15.00 Т/п «Той like»
16.00 Т/с «Дылды»
17.00 Т/с «Женский доктор»
18.00 Т/с «Смерть в
объективе»
20.00 Т/с «Провинциал»
22.00 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
23.00 Т/х «Пәленшеевтер»
00.10 Т/х «Тек қана қыздар»
00.40 Т/п «Айна Online»
01.40 Jaidarman
02.40 Т/п «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Жеңіп көр»
05.30 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КЕТТІК ТОЙҒА»
07.30 «АЛТЫН БАҚ»,
21.15 Ұлт саулығы
21.25 YouTube Times
22.20 Пруст сауалнамасы
23.00 Views



«АХМЕТ ҰЛТ ҰСТАЗЫ». Телехикаясы.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы, сағат 13.45-те.

ЖЕКСЕНБІ
13 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб
11.00 Большое кино
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Шешімі бар
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Әмір иірімі
2.40 Дала сазы
3.05 Алматинские истории
3.30 Алматинские каникулы
3.40 Алматы кеші
4.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Күміс көмей»
6.55 «Ауылдастар»
7.30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.20 «Ақсауыт»
8.45 «Тұлға». Деректі фильм
9.15 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая.
12.00 Дисней ұсынады. «Арыстан патша». Анимациялық көркем фильм (АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Африка, 2019 ж.)
13.45 «Ахмет. Ұлт ұстазы». Телехикая.
(с субтитрами)
16.55 «Әнім сен едің...» Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған кеш
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая.
20.00 «ДАРА». Ұлттық білім бәйгесі
21.10 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.25 «Ақжауын-2». Телехикая.
(с субтитрами)
3.45 Әнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
07.00 «Кім мықты?»
08.00 «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің шығармашылық кеші
09.00 Кәсіпқой бокс. «Оскар Вальдес – Эмануэль Наварретте». АҚШ-тан тікелей көрсетілім!
12.00 Мультфильм. «Карлик Нос»
13.20 Мультсериал. «Барбоскины»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.30 Телехикая марафоны. «Шашу»
17.30 Телехикая марафоны. «Шымкент – менің махаббатым!»
20.00 Телехикая. «Шах сарайының құпиялары»
22.30 «Jur-jubuten»
00.00 Мегахит. «Грабитель банков»
01.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.10 КИНО. «Жаңа мести» (повтор)

09.00 «TeleBingo» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»
10.20 КИНО. Кайла Прэтт в комедии «Доктор Дулиттл 5» (повтор)
12.20 Анимационный фильм «Моана» (повтор)
14.40 КИНО. Джеки Чан в приключенческом боевике «Случайный шпион» (повтор)
17.20 КИНО. Тейлор Расселл в триллере «Клаустрофобы 2. Лига выживших» (повтор)
19.20 КИНО. Мэрил Стрип, Энн Хэтвэй в комедии «Дьявол носит Prada»
22.00 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Сокровище Амазонки»
00.10 «Алдараспан»
02.00 Тамаша live
02.30 What's up?
03.00 Әзіл студия
03.30 1001 Әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.35 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.35 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8.45 «ПОЕХАЛИ!»
9.40 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.40 «НЕ ГОВОРИ МНЕ О ЛЮБВИ». Многосерийный фильм Сергея Горобченко, Ольга Ломоносова в многосерийном фильме «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ»
14.30 Премьера. Ольга Павловец, Кирилл Гребенщиков в фильме «СОНАТА ДЛЯ ГОРНИЧНОЙ»
21.00 Лянка Грыу, Евгений Олейник в многосерийном фильме «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА»
1.05 Ночной кинотеатр. «ПОГОНЯ ЗА ШЕДЕВРОМ»
3.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Salem Qazaqstan
08.40 Документальная драма «Жалғыз емессің»
09.00 Т/п «Юморина»
11.50 Х/с «Отдай свою жизнь»
15.40 Х/с «Сфинксы северных ворот»
19.20 Х/с «Доченьки»
23.10 Документальная драма «Жалғыз емессің»
23.30 Salem Qazaqstan
01.00 Т/п «Құтты қонақ»
01.30 Jaidarman
02.30 Т/х «Япырай»
03.00 Келесі кім?
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ӘН МЕН ӘНШІ»
09.40 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа «ЧУЖАЯ СЕСТРА», мелодрама (повтор) (худ. сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу

21.00 «ОТЕЛЬ ФЕНИКС», детективная драма (худ. сериал)
00.40 «БРАТ ИЛИ БРАК», казахстанское кино (худ. фильм)
02.05 «БЫЛО ДЕЛО»
02.50-
05.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «ГАРМОНИЯ ТЕЛА». 2 сезон. 7-программа
07.20 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50
09.50 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
10.20 ФУТБОЛ. УЕФА Конференция Лигасы. Екінші іріктеу кезеңі. «Базель» (Швейцария) – «Тобыл» (Қазақстан)
12.25 «THE RING». 5-бағдарлама. Мұхтархан Ділдебеков
12.50 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Синхронное плавание
14.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
15.30 НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС. Международный турнир «WTT Youth Contender».
16.25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қызылжар» – «Шахтер». Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қайрат» – «Тобыл». Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қайсар» – «Ордабасы». Тікелей эфир
23.00 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
23.40 Арнайы репортаж
00.00 «Тәлімгер». Марат Жақыт. Деректі фильм
00.30 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Тұсаукесер! «Бой сергіт!» ойын-сауықтық бағдарлама

7.15 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
7.35 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
8.50 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
9.05 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
9.15 «Турбозаврлар» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
10.15 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
10.20 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
10.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 Тұсаукесер! «Жұмбақ жәшік» ойын-сауықтық бағдарлама
12.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
12.35 «Qazaqstan дауысы. Балалар» мега жобасы. (қайталау)
14.10 «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. «Еркетай»
15.00 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
15.15 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Үш томпи»
15.25 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.40 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
17.05 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.30 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.45 «Лесси» Мультхикая.
18.15 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.30 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
18.45 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
19.00 Тұсаукесер! «Жұмбақ жәшік» ойын-сауықтық бағдарлама
19.10 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.55 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
20.00 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
20.10 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
20.35 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
21.00 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»

21.20 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Үш томпи»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
22.55 «Алтын сақа» танымдық бағдарлама.
23.05 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
23.40 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман» түрік телехикаясы
10.00 «Родной ребенок» Индийское кино
13.20 «Алдараспан»
16.45 «Верь мне» телесериал
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Мои счастливые звезды» Худ. фильм

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Баланы бала деменіз»
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Бір келіншек – 1-2 серия
13.30 Бір келіншек – 3-5 серия
15.00 Бір келіншек – 6-9 серия
17.00 Сау болайық
17.10 Бір келіншек – 10 серия
17.40 Өнер қырандары
18.15 Пруст сауалнамасы
18.30 «Балалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
21.15 Ұлт саулығы
21.25 Айтыс Strike
22.55 Views



«ӘНІМ СЕН ЕДІҢ...» Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған кеш. «ҚАЗАҚСТАН» арнасы, сағат 16.55-те.



МҰНЫ БІЛГЕН АБЗАЛ

БАЯЗИД ПОПТЫ
МҰСЫЛМАН ҚЫЛДЫ

Жәннаттың есіктерінде не жазылған? Хазреті Баязид нәпсісінен келген бұл ойға қатты ренжиді. Дерееу түрегеп, сол жердегі жиылған қауымға қарата: «Менің қырық бес рет жасаған қажылығымды кім бір тілім нанға айырбастайды?», – деп сұрайды. Сонда бір кісі басын көтеріп: «Мен аламын!», – деп нанын ұстатады. Баязид Бистами нанды алып, сол жердегі бір иттің алдына тастайды.

Ісін аяқтап біткен соң, жол дайындықтарын жасап, Рум аймағына (Анадолы) қарай бет алады. Бірақ не үшін кетіп бара жатқанын өзі білмейді. Ұзақ күндерге созылған осы сапарда бір шіркеу попымен кездеседі. Ол Баязидтің қолынан ұстап ертіп, үйіне алып келеді. Үйінің ішінен бір бөлмесін босатып беріп, күнделікті асын таңда және кешке әкеліп беріп тұрады. Баязид осы бөлмеде тек ғибадатпен уақыт өткізеді. Бұл жағдай бір ай жалғасады. Нәпсісіне қарата: «Ей, нәпсім! Мен сені тәрбиелегім келеді, бірақ сен жамандықтан тыйылмайсың», – деп тұрғанда поп ішке кіріп:

«Есімің кім?», – деп сұрайды.

Ол: «Баязид», – деп жауап береді. Поп: «Өзің жақсы адам екенсің. Шіркін, Иса Мәсіһтің құлы болғаныңда ғой!», – дегенде, бұл сөздер Баязидке ауыр тиіп, үйден кетуді ұйғарады, сонда поп: «Бұл жерден қырық күнді толтырып, бір-ақ қайт! Өйткені, жақында біздің үлкен мейрамымыз келе жатыр, соны көріп тамашалағаныңды қалаймын. Біздің қадір тұтатын көсеміміз, ғұламамыз – бас попымыз сол күндерде бір рет қана уағыз айтады. Оның насихатын тыңдауыңды өтінемін», – дейді. Хазреті Баязид поптың бұл ұсынысын қабылдап, қырық күн қалатын болады.

Қырық күн біткенде поп бөлмеге кіріп: «Мархабат, сыртқа шығуыңызды өтінемін. Бүгін біздің мереке күніміз», – дейді. Баязид Бистами сыртқа шығу үшін қамдана бастағанында поп: «Сіз мына киіміңізбен қалайша мыңдаған шіркеулік поптардың ортасына кірмексіз? Үстіңіздегі киіміңізді шешіп, мына поптың киімін киіңіз де, мойныңызға Інжілді асыңыз!», – дейді. Бұл ұсыныс та оған ауыр тиеді, бірақ «мұның да астарында жатқан бір хикмет бар шығар» деп, поптың әкелген киімдерін киіп, жиындарына барады.

Ешкім де оның мұсылман екенін аңғармайды. Біраз уақыт өткен соң поптардың көсемі келеді. Бірақ сөйлемей тұрып қалады. Неге уағыз-насихатыңызды бастамайсыз деп сұрағанда: «Араларыңда бір мұсылман бола тұра мен қалайша сөйлейін?!», – деп жауап береді. Жиналған қауым мен поптар шулап: «Оны бізге көрсетіңіз, көзін құртайық!», – деседі. Бас көсем: «Тынышталыңдар! Мен оның кім екенін сендерге айтпаймын. Егер оған тимейтіндеріне уәде берсеңдер, көрсетейін», – дейді. Сонда поптар мен халық бірауыздан уәде береді.

Бас поп: «Әй, Мұхаммедтің үмбеті! Алла үшін орныңнан тұрып, ортаға шық!», – деп

Баязид Бистами қырық бес рет қажылыққа барады. Бір күні Арафат тауында нәпсісі оған: «Ей, Баязид! Жер бетінде саған тең келетін адам бар ма екен? Қырық бес рет қажылыққа бардың және Құранды мыңнан аса бастан-аяқ оқып шықтың», – деген ой салады.



дауыстайды. Алаңдап отырған поптардың арасынан Баязид Бистами орнынан тұрады.

– Атың кім?

– Баязид.

– Ілімнен хабарың бар ма? – дегенде: «Раббым үйреткендерінен кейбір нәрселер білемін», – дейді. Сонда поп: «Олай болса, менің сұрақтарыма жауап бер! Екіншісі болмаған біреу, үшіншісі болмаған екеу, төртіншісі болмаған үшеу, бесіншісі болмаған төртеу, алтыншысы болмаған бесеу, жетіншісі болмаған алтау, сегізіншісі болмаған жетеу, тоғызыншысы болмаған сегіз, оныншысы болмаған тоғыз, он біріншісі болмаған он, он екіншісі болмаған он бір, он үшіншісі болмаған он екіншіні айт? Бұлар не?», – дейді.

Баязид Бистами бас попқа: «Мені жақсылап тыңдаңыз! Екіншісі болмаған біреу – ортағы, серігі, теңі, ұқсасы болмаған Алла Тағала. Үшіншісі болмаған екеу – күн мен түн. Төртіншісі болмаған үшеу – үш талақ (босату, ажырасу). Бесіншісі болмаған төртеу – Тәурат, Забур, Інжіл және Құран Кәрім. Алтыншысы болмаған бесеу – бес уақыт намаз. Жетіншісі болмаған алтау – көктер мен жердің жаратылған алты күні. Сегізіншісі болмаған жетеу – жеті қат аспан. Тоғызыншысы болмаған сегіз – қиямет күні Аршты таситын сегіз періште. Оныншысы болмаған тоғыз – әйелдің тоғыз ай жүктілік

мерзімі. Он біріншісі болмаған он – Мұсаның (а.с.) Шұғайб пайғамбарға он жыл шопандық қызмет атқаруы. Он екіншісі болмаған он бір – Юсуф пайғамбардың он бір бауыры. Он үшіншісі болмаған он екі – он екі ай», – дейді. Поп күлімсіреп: «Дұрыс айттың! Ендеше, маған ауадан не жаратылғанын, не сақталып қалғанын және кімнің ауамен жоқ болып кеткенін айт», – дегенде: «Иса пайғамбар ауадан жаратылды, ауада сақталды. Ад қауымы ауамен жойылып кетті», – деп жауап береді. Поп: «Дұрыс айтасың! Ағаштан жаратылған не? Ағашта жан сақтаған кім? Ағашта өлген кім?» – дегенінде: «Мұсаның (а.с.) асасы ағаштан жаратылды. Нұх (а.с.) ағаштың ішінде (кемеде) сақталды. Зәкәрия (а.с.) ағаштың ішінде ағашпен бірге арамен кесіліп өлді», – дейді. Поп қайтадан: «Дұрыс айттың! Оттан кім жаратылды, оттан кім сақталды және оттан кім өлді?», – деп сұрады.

Хазреті Баязид: «Оттан Ібіліс жаратылған, Ибраһим (а.с.) оттан сақталған, Әбу Жәһил оттан өлген», – дейді. Поп тағы да: «Тастан кім жаратылды, тастың ішінде кім сақтанды және тастан кім өлді?» – дегенде: «Салих пайғамбардың түйесі тастан жаратылды. Кәһф жастары тастың ішінде қорғанды және Әбраха мен әскерлері тастан өлді», – дегенде поп: «Дұрыс айтасың! Ғалымдар: Жәннаттың есіктерінде не жазылған? «Жәннатта төрт өзен бар. Біреуі

балдан, біреуі сүттен, біреуі судан, біреуі шараптан (жәннат шарабы). Бөлек-бөлек болған бұл өзендер бір қайнардан шығады», – дейді. Осы дүниеде мұның бір мысалы бар ма?», – дегенде: «Әлбетте, бар. Адамның басынан төрт бұлақ шығады. Құлақ суы – ащы. Көз суы – тұзды. Мұрын суы – басқа бір дәм. Ауыз суы – тәтті», – деп жауап береді. Поп қайтадан: «Дұрыс айтасың! Жәннат иелері ішіп-жейді, бірақ дәрет бұзбайды. Мұның да бұл дүниеде ұқсасы бар ма?», – дегенде, «Әрине, бар. Ана жатырындағы нәресте ішіп-жейді, бірақ нәжісі жоқ», – деп жауап береді.

Поп: «Дұрыс айттың! Жәннатта Туба деген ағаш бар. Бұл ағаштың көлеңкесі түспейтін жәннатта бірде-бір сарай жоқ. Мұның да дүниеде бір мысалы бар ма?». «Әлбетте, бар. Таңда күн шыққанда қандай болады? Осындай емес пе?», – дейді. Поп: «Дұрыс айтасың! Қане, мына сұрақтарыма тағы жауап бер! Бір ағаш бар. Оның он екі бұтағы, әр бұтағында отыз жапырағы, әр жапырағында бес гүлден, олардың екеуі күнге, үшеуі қараңғыға қарап тұр. Бұл сонда қандай ағаш болғаны?», – дегенде: «Ағаш бір жылға теңеледі. Он екі бұтағы – он екі ай, әрбір бұтағындағы отыз жапырақ – күндері, әрбір жапырақтағы бес гүл – бес уақыт намазды білдіреді. Екі намаз уақыты күндізге, үш намаз уақыты қараңғы мезгілге сәйкес келеді», – деп жауап береді.

Соңында поп былай дейді: «Маған мына нәрселерден хабар бер! Өзі қажылыққа барған, тәуап жасаған және биік мәртебелерге шыққан, бірақ оның рухы да жоқ, қажылық та оған уәжіп болмаған», – дегенде, Баязид Бистами: «Нұх пайғамбардың кемесі», – деп, попқа қарап: «Ей, поп! Сіз маған көптеген сұрақтар қойдыңыз. Мен қолымнан келгенше жауап беруге тырыстым. Рұқсат етсеңіз, мен сізге тек қана бір сұрақ қояйын. «Жәннаттың кілті не? Жәннат есіктерінің төбесінде не деп жазылған?», – дегенде, поп үндемей қалып, жауап беруден қашады. Жиналған поптар бұл жағдайдан мазасызданады: «Әй, Иса Мәсіх үмбетінің ең ұлы ғұламасы! Неге жауап бермейсіз, бұл жеңілгеніңіз бе?», – дейді.

Бас поп: «Жоқ, мен сұрақтың жауабын білемін, бірақ жеңілгім де келмейді», – дейді. Жиналған қауым: «Олай болса неге жауап бермейсіз?», – дейді. Бас поп: «Егер де жауап берсем, айтқандарыма қосыласыңдар ма?», – дейді. Сонда бәрі бірауыздан «әрине, қосыламыз» деп уәде береді. Бас поп: «Олай болса, тыңдаңдар! Жәннаттың кілті мен есіктерінің төбесінде жазылған сөз: «Лә илаһа иллаллаһ Мұхаммәдүр Расулуллаһ», – деп мұсылман болады. Оны тыңдауға келген мыңдаған поп та бірауыздан қалима шәһадат айтып, мұсылмандықты қабылдайды. Баязид Бистами олардың қастарында біраз уақыт қалып, Исламды үйретеді. Осылайша оның бұл жерге келуінің хикметі ашылады.

Мирас КЕСЕБАЕВ.

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

«ҚАРАҢҒЫ ҚАЗАҚ КӨГІНЕ ӨРМЕЛЕП
ШЫҒЫП КҮН БОЛАМ...»

Баянауыл ауданының Торайғыр ауылында
ақын кесенесіне зиярат жасалды

XX ғасырдың арпалыс заманында қазақ әдебиетінің ашық аспанында жарқ етіп көрініп, жалт етіп ғайып болған жарық жұлдыздарының бірі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына арналған «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» атты алты Алаштың басын қосқан ұлан-асыр той Баянауыл ауданының Торайғыр ауылында өтті.

Аталмыш мерекеге қатысқан Павлодар облысының бас имамы Жолдас қажы Қоспақұлы облыс басшылары, зиялы қауым өкілдерімен бірге алдымен ұлы ақынның кесенесінде болып оның рухына арнап аударған Құранды хатым етті.

Бас имам Жолдас Қоспақұлы ақын кесенесінде зиярат етуші жамағаттың алдын-

да сөйлеген сөзінде: «Сұлтанмахмұт Торайғыров – туған халқының көрікті келешегі үшін сырлы сөзімен де, баянды ісімен де барынша күрескен, «елім» деп еңіреп өткен Алаштың ардагер ақыны.

Ақынның соңында қалдырған ұлан-ғайыр әдеби мұрасы, күрмеуі қиын қысталаң заманда небәрі жиырма жеті-ақ жыл ғұмыр кешкен ақынның шығармаларындағы ұлтжандылық рухтың күштілігі, ұлтының бақытты болашағы жолындағы қайтпас күрескерлігі, азаматтық арының биіктігі, дарынының дархандығы бүгінгі жастардың тәрбиесіне теңдессіз үлгі болады», – деді.

Келесі кезекте Торайғыр ауылының өлке-тану мұражайы жанында орналасқан С.Торайғыров ескерткішіне құрмет көрсету, ақынның жаңадан шыққан еңбектерінің тұсаукесер рәсімі, колөнер туындыларының көрмелері, аламан ат бәйгесі қатарлы арнайы ұйымдастырылған мәдени шараларға қатысып қайтты.

«Мәшһүр Жүсіп» мешітінің баспасөз қызметі, mazhab.kz.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

«Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы» ММ «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығы» КММ-нің ұйымдастырумен, ҚМДБ Жетісу облысы бойынша өкілдігінің ұйытқы болуымен Талдықорған қаласындағы «Сервис және технология» колледжінде «Дін саласындағы ақпараттық түсіндіру және оңалту жұмыстарын жүзеге асырудағы діни қызметкерлердің ықпалы» атты Жетісу облысының имамдарына арналған 5 күндік оқыту курсы өз жұмысын бастады.

ЖЕТІСУ ИМАМДАРЫНА АРНАЛҒАН
ОҚЫТУ КУРСЫ

Қайта өтіп жатқан білім жетілдіру курсы осыдан
3 жыл бұрын жұмысын тоқтатқан еді

Жиынның алғашқы күнінде өңірдің бас имамы Алмас Сағидоллаұлы мен аталмыш орталықтың директоры Бейбіт Смаханұлы келіп, білімін жетілдіруші имамдармен сұхбат құрды.

Өтінішін және ойларын тыңдады. Курс жұмысына «Нұр-Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушы профес-сорлары, ғалым-ұстаздары дәріс оқыды. 15-ке жуық лектор тартылып, түрлі сала бойынша білім беретін болады. Одан басқа

спорттық шаралар ұйымдастырылады. Араға 3 жыл салып қайта өтіп жатқан білім жетілдіру курсы Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлының тапсырмасына сай «Ислам және ізгі қоғам» жылы аясында өтті. Курс соңында барша қатысушыларға оқуды нәтижелі аяқтағаны үшін сертификаттар табысталды.

Әзірлеген
Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ.



ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ

Қазақ тарихының зерттелмей келе жатқан тұсы көп. Әлі де тереңдей барып, түбін зерделейтін шежіре жетерлік. Соның ішіндегі көмескіленген тұсының бірі, ол – Хан Кене дәуірі. Осыны түбегейлі ғылыми түрде жүйелеп, талдап, сараптау – парызымыз.



Қазақ халқының азаттық үшін күресі теріс түсіндірілді

Кенесары бастаған көтеріліс Ресейдің төңкеріске дейінгі тарихшыларының мұқият назарына іліккен болатын. XIX ғасырдың 40-жылдарының аяғынан бастап бұл оқиғаның жекелеген мәселелерін сипаттаған М.И.Венюков, В.Потто, А.Г.Серебренников, барон Услар, П.П.Семенов-Тянь-Шаньский, Ш.Ш.Уәлиханов, И.Ф.Бабков, И.Завалишин, Л.Мейер, М.Красовский, Н.Коншин, Н.Середа, А.К.Гейнс, А.Янушкевич сияқты буржуазиялық-либералды бағыттағы зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты. Олар өздерінің қоғамдық-саяси көзқарастарына орай бұл мәселені әртүрлі деңгейде қарастырды. Орыстың дворяндық-буржуазиялық тарихнамасының монархиялық-отарлаушылық бағытының кейбір өкілдері бұл көтерілісті «бүлік», «қарақшылардың ісі» деп бағалады және қазақ халқының азаттық үшін күресін теріс, субъективті түсіндірді.

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов және Халел Досмұхамедовтер Кенесары көтерілісінің мәселесімен айналысып, Әлихан Бөкейханов қырғыз Қалығұл Әлібековке жолығып, Кенесарының қырғыздар қолынан мерт болуы туралы мәліметтер жинаса, Халел Досмұхамедов 1923 жылы Ташкентте арнайы еңбек жазып жариялайды.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін бағалау белгілі дәрежеде патшалық Ресей, кеңестік кезеңде де қолға алынып, тарихи зерттеу еңбектерінде көрініс тапты. Бірақ қай заманда да үстемдік еткен билік тарихи тұлғалар мен ұлт-азаттық күрес басшыларын өз идеологиясына қарай зерттеуді ұйымдастырып отырды. Патшалық Ресей үшін қазақ елінің хан, сұлтандары, би-батырлары орыс үкіметі жақтастары мен екінші топ «қарақшы», «барымташы», «бүлікшіл» атауларымен анықталды. Бұл дәстүр кейіннен кеңестік тарихнамада да жалғасын тапты. Соның ішінде хан, сұлтандардың қоғамдық-саяси қызметтері, олардың көзқарастары ашық бұрмалаушылыққа ұшырады. Кенесары тарихын зерттеген көрнекті тарихшылар мен әдебиетшілер Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Е.Дильмухамедов, Е.Ысмайылов қудалауға ұшырап, ғылыми шығармашылығына тыйым салынды. Осыдан соң қазақ хандары мен сұлтандарының қызметтеріне оң баға берілмей, олардың тарихын толыққанды танып білу мүмкін болмады.

XVIII ғасырдың 30–40-жылдарынан бастап патшалық Ресей Қазақстанның біраз бөлігін өзіне қаратып, билік жүргізіп, қазақ дәстүрлі қоғамының ішкі істеріне күш көрсету арқылы араласып, ондағы сан ғасырлар бойы қалыптасқан түрлі құқықтық және әлеуметтік тепе-теңдікті бұзды. Дегенмен, XIX ғасырда Ресей империясының отарлау процесінің қазақ даласында орын алған ұлт-азаттық көтерілістер ғасырға жуық созылуына әсер еткені ақиқат. Қазақ даласын отарлап алғаннан кейін, яғни 1865–1876 жылдар аралығында Қоқан, Бұқар және Хиуа хандықтарын толықтай отарына айналдырды.

Кеңес билігі Ресей империясына қарсы күресті мойындамады

Е.Бекмахановтан кейін бұл тақырыпты зерттеген тарихшылар қатарында Елтоқ Дильмухамедов, Жанұзақ Қасымбаев, Едіге Жансұлтанұлы Уәлихановтарды атап өткен орынды. Елтоқ Дильмухамедов «1837–1847 ж.ж. Кенесары Қасымовтың басқаруымен болған көтеріліс» атты диссертация жазды. Е.Дильмухамедов кандидаттық диссертациясын Ташкенттегі Ортаазия мемлекеттік университеті Тарих факультетінің ғылыми кеңесінде 1946 жылы 17 желтоқсанда қорғады.

Алайда, Кенесары тақырыбында докторлық диссертация қорғаған Е.Бекмаханов ісі қозғалып, өзі қуғындалған кезде Елтоқ Дильмухамедовтың да ғылыми атағы алынды, амалсыз екінші рет 1954 жылы «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы тау-кен жұмысшыларының революциялық қозғалысы (1900–1917 ж.ж.)» атты тақырыпта қайта кандидаттық диссертациясын қорғады. Ал оның алғашқы диссертациясы кітапханалар мен ғылыми ортадан аластатылып, көзі жойылды.

2002 жылы Жанұзақ Қасымбаевтың «Кенесары ханның



КЕНЕСАРЫ ХАН: жаңа деректер

соңғы жорығы және оның күйреуі» атты монографиясы тарихшы ғалымдар тарапынан жазылған үшінші еңбек. Бұл еңбектің басқа зерттеулерден ерекшелігі мұнда Кенесары көтерілісінің бастапқы кезеңі емес, бірден ақырғы кезеңі сипатталады. Автордың өзі еңбегінің хронологиялық мерзімін 1846 ж. желтоқсан, 1847 ж. сәуір деп нақты көрсеткен. Демек, ұзақ жылдарға созылған көтерілістің соңғы бірнеше айы ғана суреттелген. Еңбек архив деректеріне сүйеніп жазылған, ондағы оқиғалар Кенесарының Жетісуға қоныс аударуынан, оның себептерінен басталады. Ханның өліміне байланысты зерттеуші өзіне дейінгі деректерді, Ш.Уәлихановтың, Б.Әбілдаұлының, Н.Маевтың, А.Добросмысловтың, Я.Полферовтың, Е.Бекмахановтың кітабында айтылатын халық аңызын келтіреді. Зерттеуші Кенесары ханның соңғы жорығының себебін ханның «макиавеллилік ұстанымда» болғанынан, ал Хан Кене қолының жеңілуі сарбаздарының бір бөлігінің қорқып қашып кетуінен деп біржақты түсіндіреді.

Кенесары жөнінде жазылған еңбектердің қатарында Едіге Жансұлтанұлы Уәлихановтың 2004 жылы Мәскеу қаласындағы «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрген «Кенесары» атты монографиясы бар. Кеңес билігі кезінде Кенесарының патшалық Ресей империясына қарсы күресін мойындамағандығы белгілі. Міне, осы олқылықтың орнын Едіге Уәлиханов Кенесары кітабында толтырды. Мәскеу қаласынан шығара отырып, Кенесары күресін қалың көпшілік оқырманға танытты. Автор зерттеу еңбегінің өзіндік ерекшелігі Кенесары қырғыздар қолынан мерт болса, екінші рет оны зерттеген Е.Бекмахановтың айыпталып, қуғынға ұшырауы арқылы Кенесары екінші рет қазаға ұшырады дей отырып, ол жөнінде арнайы тарау арнады. Сонымен қатар, Кенесарыдан тараған кейбір ұрпақтарына тоқталған.

Кенесары хан 1847 жылы көктемде қырғыздармен болған соғыста солардың қолынан мерт болды. Бұл жөнінде Сібір корпусы командирінің әскери министрге 1847 жылы 18 мамырда жолдаған №130 мәліметінде «Кенесары қырғыздармен болған соғыста інісімен, екі баласымен және 15-тей сұлтанмен қолға түсіп, барлығы дерлік қаза болды, Кенесарының басын кескен Чыжым би болды», – деп мәлімдеген.

Қырғыздар Шудын құншығыс жағындағы Кекіліктен он-он бес шақырымдай жердегі Алмалы сай деген жерде аты тұрып қалған Кенесарыны ұстап алған. Наурызбай да сол шамада Кенесарыдан бөлек ұсталған. Х.Досмұхамедовтің еңбегіне сүйенсек, төрелерді атқа мінгізіп, қырғыздар тау ішіндегі еліне апарды. Өздеріне бөлек үй тігіп беріп, құрметпен сыйлайды. Кенесары, Наурызбайдың жатқан үйі Жолба деген қырғыздың үйі екен. Осы үйде төрелер жеті күн жатқан. Кенесарыны Сарбағыш Тастанбек балалары, Наурызбайды Сарбағыш Тілеукабыл балалары жабылып өлтірген. Екеуі екі бөлек қойылған. Кенесары Борды деген сайға көмілген. Борды Тоқтаман жиырма бес шақырымдай Буамға жүретін қара жолдың оң жағында болады. Наурызбайдың басын Төлебай деген жігіт қылышпен шауып, өлтірген, сүйегі Шамшының (Самсының) құн шығыс жағына қойылған. Кенесары мен Наурызбайдан басқа 19 сұлтан, сондай-ақ көптеген билер мен қарапайым адамдар қаза тапты.

Олардың арасында Кенесарының жақын туыстары Құдайменде төре, Ержан төре бар еді. Қазақ ханының басын қырғыз манаптары Батыс Сібір генерал-губернаторы А. Горчаковқа 1847 жылы сыйға тартқан. Бас сүйекті жеткізіп бергені үшін Хожабек Таштамбаев пен Қалығұл Әлібековтер алтын және күміс медальдармен марапатталады. Тікелей бас сүйекке қатысы бар орыс әскери шенділері – генерал-майор Н.Ф.Вишневский, есаул Т.В.Нюхалов, сотник С.М.Абакумов. 1847 жылы 26 тамызда Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаков жекелеген Ұлы жүз қазақтарын Кенесары көтерілісіне қоспағаны үшін есаул Т.В.Нюхаловтың әскери шенін войсковой старшинаға, ал сотник С.М.Абакумовтың әскери шенін есаулға көтереді. Омбыдан ары қарай бас сүйектерге қатысты деректер жоқ. Бас сүйек Омбыда қалды ма, әлде Санкт-Петербург қаласына жөнелтілді ме, ол да анық болмай тұр.

Архив қорларында сақталған құжаттарға зер салар болсақ, Кенесарының бас сүйегінен де бөлек, қазақ даласынан көне зираттардан қазып алынған бас сүйектер жүйелі түрде Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларына жөнелтіліп отырғанын көреміз. Ондағы мақсат қазақтардың антропологиясын зерттеу үшін деп көрсетілген. Кенесары ханның бас сүйегі табылып жатқан күннің өзінде оны елімізге алып келу үшін антропологиялық және генетикалық сараптамалар жасап барып, сүйек нақты Кенесары бабамыздікі ме – анықтауды қажет ететіні анық. Осы мәселелер шешілсе, бас сүйек елге келуі мүмкін.

Көтеріліске қатысқан үстем тап өкілдері арасында ауызбіршілік болмады

XIX ғасырда өркениет көшінен артта қалып қойды. Мұны мойындауымыз керек. Ұлы географиялық ашылуларға дейін ат құлағында ойнаған көшпенділер тарих сахнасынан ығыстырылып, сахнаға ғылым мен техниканы игерген отырықшы мемлекеттер көтерілді. XIX ғасырда қазақ мемлекеті технологиядан артта қалғандықтан, көршілес Ресей елінің отарына айналды. Абылай әулетінен тараған ұрпақтың өзі екіге жарылды. Уәли бастаған топ бодандықты мойындай отырып, соларға қызмет ету арқылы өзінен тараған ұрпағын білім алуға жетелесе, ал Қасымнан тараған ұрпақ қолына қару алып Ресей империясының отарлық саясатына өре қарсы тұрды. Ресей империясының отарлық саясатын Қасымнан тараған ұрпақ бірнеше ондаған жылдарға тежеді. Дегенмен де, бұрынғы садақ, найзаның заманы өткендігі, ендігі уақытта отты қару мен мылтықтардың соғыс тағдырын шешетініне көз жеткізді.

Сол тарихи кезеңде Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ұлт-азаттық қозғалыстардың түпкілікті жеңіске жетуіне мүмкіндік бермеді. Жеріміздің байтақтығы да әсер етті. Ресей империясының қуатты, тұрақты әскери күші бар екенін былай қойғанда, жеңілудің басқа да себептері болды. Көтеріліске қатысқан үстем тап өкілдері арасында ауызбіршілік болмады. Жікке бөлінген қазақ рулары көтерілісті көбіне өз аймақтарында қолдап, басқа аймақтарға ауысқанда, әсіресе, Қоқан және Қырғыз жеріне басып кіргенде, оған қосылмады. Өзін қолдамаған ауылдарды қатаң жазалауы да көтерілісті әлсіретті. XIX ғасырда Орта Азияның өзінде бірнеше хандықтар өмір сүрді. Сол кезде Оңтүстік өлке, Сыр бойы мен қырғыздың біраз жерлеріне Қоқан хандығының үстемдігі жүріп тұрған. Кенесарының бауырлары мен әкесінің Қоқан билеушілері қолынан қаза табуы және Сыр бойындағы қазақтардың қосандықтардың жиі шабуылына ұшырауы қазақ ханы мен Қоқан хандары арасындағы байланысқа жік түсірмей қоймады. Сондықтан да сол тарихи уақытта бауырлас түркі халықтарының басы қосылуы да мүмкін емес еді. Бұл үрдісті сауда керуендерімен жіберген тыңшылары арқылы Ресей империясы жақсы біліп отырды. Кенесарының қырғызға жасаған жорығының мақсаты да тізе қоса отырып, сыртқы жауларға қарсы күресу болатын. Бірақ бұл үміт ақталмады.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ғана Кенесары ханды ұлықтау қолға алынды. Оған дейін бұндай мүмкіндік болған жоқ. 1992 жылы Көкшетау қаласында Кенесары Қасымов ханның туғанына 190 жыл толуы және оның басшылығымен болған көтерілістің 150 жылдығына арналған конференциялар өткізілсе, 2002 жылы Кенесары Қасымұлының туғанына 200 толуына орай Алматы қаласында Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында халықаралық ғылыми тәжірбиелік конференция өткізіліп, Кенесары ханның қолбасшылық тұлғасы жан-жақты талданды. Конференция жұмысына тарихшылармен қатар, әдебиеттанушылар да қатысып, Кенесары ханның өмірі мен күресіне қатысты тарихи деректер мен фольклорлық деректерді әр қырынан талдауға алды. Астана қаласында Кенесары ханға ескерткіш қойылған және оның есімімен аталатын көше бар.

Рашид ОРАЗОВ,
тарихшы-ғалым.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
 Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
 сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАҒАН ЖӨН

Алматы полициясы қала
тұрғындарына үндеу жолдады

Алматыда жыл басынан бері жол қозғалысы ережесін бұзған 13 мыңнан астам жаяу жүргінші әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл туралы мегаполистің Полиция департаменті хабарлады.



Ағымдағы жылдың жеті айында мегаполис жолдарында жаяу жүргіншілердің қатысуымен 961 жол-көлік оқиғасы орын алып, соның салдарынан 663 адам зардап шегіп, 32 адам қаза тапты.

«Бұл статистика орынды алаңдаушылықты көрсетеді. Жол-көлік оқиғалары мен өлім-жітімді азайту үшін әрбір жол қозғалысына қатысушы өзінің және өзгенің қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінуі, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауы және жолда мәдениетті арттыруы маңызды. Біздің басты міндетіміз – жазалау емес, мүмкін

қайғылы оқиғалардың, қайғы-қасіреттердің, бақытсыздықтардың алдын алу», – деді Алматы қалалық Патрульдік полиция полкінің ПМПП командирі Орал Ахимов.

Полицейлер бүгінде жаяу жүргіншілердің көшелер бойымен қауіпсіз жүріп-тұруына, жолдың жүру бөлігін кесіп өтуіне қолайлы жағдай жасалғанын, ал ең қиын жерлерде жаяу жүргіншілер, жерүсті, биік және жерасты өткелдері орнатылғанын хабарлады.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

МОНИТОРИНГ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылдың 1 жартыжылдығында 48 аудиторлық іс-шара өткізді, оның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 130991 004,97 мың теңгені құрады, оның ішінде:

– қаржылық бұзушылықтар 50384626,53 мың теңге;
 – рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 80606378,44 мың теңге, оның ішінде 9718176,1 мың теңге сомасына Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзу.

Есепті кезеңде Департамент қабылданған ден қою шараларының нәтижелері бойынша бюджетке өтелді және бухгалтерлік есеп, жұмыстарды, қызметтерді орындау және тауарларды жеткізу бойынша 49916298,1 мың теңге немесе 99,1% сомасында қалпына келтірілді (көрсетілді).

Жүргізілген бақылау тексерулерімен Департамент құқық қорғау органдарына жалпы сомасы 8 110 415,3 мың теңгеге екі аудит материалын жіберді, олар сот органдарына қарауға келіп түсті.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 43 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 2 лауазымды тұлға атқаратын лауазымынан босатылды, 44 889,7 мың теңге сомасына 335 Әкімшілік іс қозғалды, олар бюджет кірісіне толығымен өндірілді.

Жіберілген бұзушылықтар мемлекеттік аудит объектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзылуына әкеп соқты, бюджетті әзірлеу мен орындаудың бұзылуына әкелді, бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең жақсы тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу, сондай-ақ мемлекет активтері мен квазимемлекеттік сектор активтерін пайдалану қажеттілігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару керек.

Тиімділікті арттыру және қызметті жетілдіру мақсатында объектілерге мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына бұзушылықтарды болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдау, мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың ашықтығын, тиімділігін, жауапкершілігін арттыру үшін ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар жіберілді.

А.ТАСТАНОВ,

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит
 департаменті
 Жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің
 басшысы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
 Қабылдау бөлмесі:
 тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
 тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
 тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
 тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
 тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
 тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
 тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
 тел: 293-08-12.
 e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
 e-mail: dalemesh@vecher.kz
 тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
 +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
 AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
 Мекенжайымыз:
 Индекс: 050022.
 Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
 Суреттердің сапасына редакция жауапты.
 Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
 Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
 Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
 Тел.: 273-50-53
 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АПОРТ «ЖАУАТЫН» АЙ БАСТАЛДЫ

Айналған аты аңызға, апорт та пісер тамызда

Міне, тамылжыған Тамыз айы да (Сүмбіле) табалдырықтан аттады. Қайсыбір этнографтар айдың аты еврейдің ежелгі «туммуз» деген сөзінен шыққан деп жорамалдап жүр. Бұл қисынсыз айтылған ұшқары, орынсыз пікір. Қазақтар бұл айды – «сарша тамыз» деген. Тамыз – қазақтың тамылжу, маужырау, тыныштыққа шому, елжіреу деген сөзінен шыққан.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Кеңінен тоқталар болсақ, «сарша» сары сөзінен шыққан. Сын есім. Осы мезгілде төңірек шөбі қурап, сарғаяды, сары түске енеді. Жеміс-жидек, бақша өнімдері түгелге жуық уылжып піседі. Тары мен күздік бидай, күріш піседі. Ауа райы да тамылжып тұрады.

Ақын тілімен суреттегенде төмендегідей болып шығады:

*«Уылжып жеміс-жидегі,
Көкөніс пісіп үйдегі,*

Ауалар толып алмаға,

Аңызға, аптап сиреді...».

Шілденің қатты ыстығынан кейін «сарша» амалы өтті, оны алдыңғы пайымда



жаздық. Үркер туды. Алай-дүлей дауыл тұрып, жел соғып, жаңбыр жауды. Адамға жайсыз болғанымен, малға жайлы жаңбыр бұл. Күн күркіреді, найзағай ойнады. Аспанды шаңды дауыл бүркеді (21 шілде, 2023), қанша ағаш сынды, автокөлікті басып қалған оқиғалар да орын алды...

Шілдеде туған жаңа ай тіп-тік болып салбырап туды. Көнекөздердің айтуы бойынша, айдың бұлай туысы өзіне жайлы, шаруаға жайсыз. Аптап ыстық алматылықтарды әбден мезі етті. Енді біртіндеп

жылылық азая бермек. Айдың ортасында ауа райы салқын тартып, күз нышаны біліне бастайды. Тамызда Таразы туады, таң суыйды. Қыркүйекте Сүмбіле туады, су суыйды... Бұл осымен жаздың аптабы бітті дегенді білдірмесе керек. Аспан денелерінің білдіруі бойынша, ыстық күндер алда мол. Биыл күз құрғақ әрі шуақты болады деген болжам да жоқ емес.

Бүгін григорианша, тамыздың 3-і, ай күнтізбесі бойынша, 16-сы, ескіше, тамыздың 2-сі. Апта айдың басы мен ортасын

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Айға қарап жасалған жорамал:

- * Айдың екі ұшы сүйір, өңі ашық, шалқақ туса, сол ай жауын-шашынды, желді болады.
- * Ай туғанда бұрынғысынан үлкендеу көрінсе, сәулесі қызғылт болса, жауынның белгісі.
- * Толған ай ашық туса, күн жылы болады.
- * Ай бұлыңғыр болса – жаңбыр жауатындығын, ашық болса күннің ашық болатынын білдіреді.
- * Жұлдыз шақшиып тұрса, күн жылы болады.

қамтып тұр. Бұл ауа райының тұрақсыздығын аңғартса керек.

Қазақы пайымның болжамын синоптиктер де жоққа шығарып отырған жоқ. Еліміздің 14 облысында алдын ала дабылды ескерту жарияланды. Шығыс Қазақстан, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында ауа райы кенеттен салқындап, күн күркіреп, найзағай ойнап, бұршақ жаууы мүмкін. Сондай-ақ, Маңғыстау мен Қызылорда аймақтарында күннің қызуы арта түспек.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ТАҒДЫРЫМА ӨКПЕЛІМІН...



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Күні кеше құрбым төртінші қызын босанды. Күйеуі «жуып» отырып, қызара бөртін: «Мынау тағы да қыз туды. Бұл қатын маған ұлды қашан туып беремін дейді сонда!», – деп кіжінді. Ал менің жылағым келді...

Жомартпен отасқанымға сегіз жылдан асып барады. Арамыздағы бұрынғы сезімнің тек қоламтасы қалған сияқты. Соны үрлеп, лаулатып жағар нәресте де жоқ.

Бала күнінен сүйек туберкулезіне шалдыққанмын. Дәрігерлер сәби сүюіме үзілді-кесілді тыйым салған. Ағзамдағы өзге дерттер де өмірге мүгедек ұрпақ әкелуіме себепші болуы мүмкін дейді.

Мен Жомартты бір көргеннен ұнаттым. Сатушы едім. Дүкенге нан алуға кірген жігіттің күлген кезде маржандай тістері аппақ болып түзіле кетіп, көздері бір сызық болып қалатыны сүйкімді көрінді. Екеуіміздің көңіліміз тез жарасым тапты. Үйлендік.


Жомарт пен анасының ауылдағы үйін, бар малын сатып, қаладан тірлік іздеп келген беттері екен. Жалдамалы пәтерде тұрып жатыпты. Үйлерін сатқан қаражатпен бұрынғы қордаланған қарыздарын жауыпты.

Жомарт өзін дала төсінде қызылша теріп жүріп жалғыз жеткізген анасын қатты құрметтейтін. Менің марқұм шешемнен қалған бір бөлмелі пәтерім бар еді. Аз уақыт өте келе сонда тұрайық деп шештік.

Бірде енемнің: «Қашан бала көтереді, уақыт өтіп жатыр, осылай жүре бересіңдер ме?!» деген сөздерін құлағым шалып қалды. Енді бірде: «Сұрай алмасаң, өзім-ақ сұрайын», – деп жатыр екен күйеуіме.

Уақыт өте сырым ашылғанда: «Айналайын, немере сүйгім келеді! Мейлі, ауру бала болса да туып берші, тек көтерші, қазір медицина дамыған ғой, өлтірмес, өзім бағып беремін!», – деді енем жалынғандай боп. Ол кісіні де түсінемін. Бірақ өз денсаулығымның жайы өзіме белгілі ғой.

Тағы бірде ұлына: «Сен шешек осы әйелге неге байланып қалдың, а?! Әлі жассың. Бала



туатын әйелді өзім-ақ тауып берейін», – дегенде, Жомартым не айтты дейсіз бе?! «Мама, сонда екеуіміз қайда барып тұрамыз, басымызда үй де жоқ, ал мойында ілулі тұрған қарызды қайтпекпіз...», – деп күмілжіді.

Сол сәтте сырттан кіріп келіп тұрған мен есік көзіне отыра кеттім. Сөмкем сусып қолымнан түсіп кеткенде, күйеуім оқыс дыбыстан жүгіріп келген болатын.

Осыдан соң бір бөлмедегі үшеуіміздің тоңтеріс өміріміз басталды. Бар ермегіміз – теледидар. Тіпті, «Шаншар», «Нысананың» әзілдеріне зорлана, әйтеуір үнсіздікті, көңілісіз күндерді бұзу үшін күлетініміз бар.

Сола-а-ай менің өмірім! Тағдырыма өкпелімін. Үш адам бір-бірімізге жіпсіз байланып осылай өмір сүрудеміз. Қашанға дейін шыдар екенбіз?..

P.S.

Бұл менің бір жастағы қызыма кутуші болған Мунира деген келініштің әңгімесі болатын. Ал сол қызым бүгінде 13-ке келді. Уақыт уысында тұрмайды, арада сырғып біраз жыл да өтіп кетіпті-ау. Біз басқа қалаға көшіп кеттік. Мунираның тағдырынан хабарсызбын. Бірақ жаны жаралы келінішті ұмытқаным жоқ...

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН

БАЛМҰЗДАК

Әр үш секунд сайын біреуі сатылады

Жаз – балмұздақ көп желінетін мезгіл. Әрі бала біткен демалыста, қолдарына тиын-тебен түссе, «балмұздақ аламыз» деп дүкенге қарай құстай ұшады. Осы бір тіл үйірет тәттінің қадірлі болғаны соншалық, әлем күнтізбесінде Дүниежүзілік балмұздақ күні де бар екен.

Алғаш рет Нью-Йоркта балмұздақ 1786 жылы маусымда сатылыпты. Содан бері осы күнді Балмұздақ күні деп атап келеді. Бірақ Қытайда одан да ертеректе пайда болған деседі. Ежелгі Қытай халқы мұз, қар және жеміс-жидек қоспасынан сергітетін тағамдар әзірлеген. Еуропаға бұл рецептті алғаш болып сол елде саяхатта болған Марко Поло әкелген көрінеді. Ертедегі грек қолбасшысы Александр Македонскийдің әрбір қиян-кескі ұрыстан кейін қарды балмен немесе жеміс шырынымен араластырып жегені айтылады кей деректерде. Қызық екен.

Балмұздақты алғашында тек ауқатты адамдар ғана сатып ала алатын болған. Ал бүгінде кез келген адам үшін қолжетімді. Әлемде жыл сайын 15 миллиард литр балмұздақ желінеді. Бұл мөлшер 5000 олимпиадалық бассейнді толтыруға жетеді екен. Әр үш секунд сайын бір балмұздақ сатылады.

Балмұздақты француз императоры Наполеон Бонапарт та қатты жақсы көрген деседі. Ал Британияның бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчердің саяси мансабын бастамас бұрын, химия саласында жұмыс істеген және жұмсақ балмұздақ рецептерін жасауға қатысқан дейді дерек көздері. Бірде NASA ғарышкерлерге «Жерден» нені сағынатынын сұрап, сауалнама жүргізген екен. Нәтижесінде космоста жүрген ғарышкерлердің ең сағынатын тамағына пицца, газдалған сусын және балмұздақ кірген.

Жер бетіндегі ең қымбат балмұздақ «Алтын» деп аталады. Ол АҚШ-та сатылады, бағасы 1000 доллар. Ал алғашқы ең үлкен балмұздақ Канадада жасалған. Оның салмағы 10 тоннаны құрапты.

Жер бетінде ең көп таралған түрі – ванильді балмұздақтар. Португалияда үй жануарларына арнап қантсыз балмұздақтар өндірілді. Мексикадағы ең танымал десерт – қуырылған балмұздақтар.

Ғалымдар балмұздақтың адамның көңіл күйін көтеретінін, сондай-ақ оны көп жейтін әйелдерде бала көтеру мүмкіндігі жоғары болатынын дәлелдеген. Онда не тұрыс, кеттік дүкенге, балмұздақ алуға, бүгінгі күніміз сәтті әрі көңілді өтсін!

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

